

МОЗТАМБЕ ХАЖ



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 (5 Қаз)
Ж 26

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Ж 26 Жанайдаров О.

Тоқтамыс хан. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»,
2008. – 96 бет. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы.

ISBN 9965-26-281-0

Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркемсуретті туындыда қуатты Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салған, 1380 – 1395 жылдары Алтын Ордада хан болған Тоқтамыстың өмірі, Алтын Орданың тұтастығын қалпына келтіру жолындағы күресі, Ақсақ Темірмен жүргізген шайқастары және тағы да басқа атқарған істері балалардың таным-түсінігіне лайық, жеңіл, көркем тілмен толық әрі әсерлі баяндалған.

ББК 63.3 (5 Қаз)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.


ISBN 9965-26-281-0

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2008

МАЗМҰНЫ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ	4
МАҢҒЫСТАУ БИЛЕУШІСІ ҰЛЫНЫҢ	
ПАТШАЛЫҚ ФАРРЫ	18
СЫПЫРА ЖЫРАУДЫҢ СӘУЕГЕЙЛІГІ.....	19
ӘКЕ ӨЛІМІ.....	23
ОРЫС ХАННЫҢ ӨЛІМІ	30
ҚАЙЫРЫМСЫЗ ТУЫС – ҚАНБАЙ	36
АҚ ОРДА МЕН АЛТЫН ОРДА ХАНЫ.....	39
ТОҚТАМЫС ПЕН МАМАЙ	42
ӨРТЕЛГЕН МӘСКЕУ	51
АҚСАҚ ТЕМІРМЕН АЙҚАС	60
ҚОНДЫРШЫДАҒЫ ШАЙҚАС	64
КАВКАЗ ҮШІН ШАЙҚАС. ТЕРЕКТЕГІ ҰРЫС	70
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ	76
ЕДІГЕГЕ ҚАРСЫ ШАЙҚАС. ПОЛЯК КНЯЗИ	
ВИТОВТПЕН ОДАҚ	79
ТЕМІРДІҢ ОҚЫС ӨЛІМІ.....	85
СОҢҒЫ ШАЙҚАС. ТОҚТАМЫСТЫҢ ӨЛІМІ	88
ЭПИЛОГ ОРНЫНА	93

Балалық шақ



Балалар ауыл шетінде асық ойнап жүрген... Олардың бірі осы жерден асық ойнауға ыңғайлы, теп-тегіс әрі тап-тақыр шаршы алаңқайды белгілеп алды. Жаз мезгілі. Ауада аңқыған алуан түрлі шөптер мен дала гүлдерінің жұпар иісі мұрын жарады. Көкжиектен жартастардың шеті көрініп тұр. Балаларға бұл араға жақындауға тыйым салынған. Мұнда моңғолдар мен түркілер құрмет тұтатын Масат атаның және басқа да Маңғыстау әулиелерінің кесенелері ертеректе бой көтерген.

Әулие Масат туралы мынадай аңыз тараған. Сонау бір ерте заманда Масат есімді батыр өмір сүріпті. Батырдың күшті әрі епті болғаны сонша, Ұлы Даланы мекендеген халықты шабуылдауға бірде-бір жаудың жүрегі дауаламапты. Мәселе Масат батырдың терең білімі мен мәдениетін өз халқының қажетіне жарата білуінде еді. Батырдың тағы бір ерекшелігі – ол оқ пен жебеден қорғалған. Масатқа ешбір садақшының немесе құралайды көзге атқан мергеннің оғы дарымаған.

Масат батырды өлтіруге талай жау талпынып көріпті. Бірақ, оған оқ тимеген. Қолынан ештеңе келмей, толық жеңіліске ұшыраған жау бармағын тістеп, кері қайта береді екен.

Масаттың жаулары оны шайқаста жеңе алмайтындықтарына көздері әбден жеткен соң, түрлі қулықтар ойластыра бастапты. Ақыры, Масат батырды өлтіретін әдісті де тапқан көрінеді.

Масаттың тоқалы ақылсыздау әйел-тұғын. Жау жағы жансыз жіберіп, сол әйелді алдап-арбап, сатып алады. Ақымақ тоқал жансызға Масат батырдың ең әлсіз жері мойыны екенін айтып береді... Таң намазы кезінде еңкейіп, дұға оқыған Масат батырдың алпыс екі тамыры

босаңсиды екен. Міне, ол тек осы мезгілде ажалды пендеге айналатын көрінеді.

Масаттың құпиясын білген жансыз таң намазы уақытын аңдып тұрып, өткір қылышпен батырдың басын шауып тастайды. Масат алдына топ етіп түскен басын қолына алып, үлкен көк тас көрінген тау жаққа қарай жүгіре жөнеліпті. Батырдың буаз биесі де соңынан шапқан екен. Масат батыр көк тасқа жеткенде, тау күркіреп, аспан тұнжырайды. Алдындағы көк тас қақ жарылып, батыр буаз биесімен бірге осы ойыққа кіріп кетеді. Сөйтеді де, жартас дереу жабылып қалады. Жау Масат батырды да, оның буаз биесін де қолға түсіре алмайды...

Тастардың арасында Масат батырдың ізі қалыпты. Батырдың қолына басын ұстап жүгірген уақытындағы жолға аққан қанының іздері байқалады. Буаз қара биесінің тасқа таңба болып түскен іздері көрінеді. Осының барлығы бүгінгі күнге дейін сол қалпында сақталған...

Жергілікті халық осы аңызды көк жартастың етегінде болған жолаушыларға әлі күнге айтып беруден жалықпайды.

Бұл оқиға ежелде Маңғыстауда болған. Сондықтан, көкжиектен көрінген осы бір сиқырлы тау жаққа жақындау балалардың ешқайсысының ойларына да келмеді... Балалардың ішінде сымбаттылығымен әрі маңғаздығымен Тоқым ерекше көзге түсетін. Тоқымның үстінде алтынмен кестеленген қызыл шекпен, кең шалбар, аяғында алтын жалатылған өкшесі бар, нақышты жеңіл етік. Тоқымның қорғасын құйылған сақасы сақалардың мықтысы саналды. Ал шекпенінің қалтасында осы ойындағы ең үлкен олжа – пышақпен ысып жылтыратылып, саусақпен тегістетілген жеті-сегіз асық бар. Міне, ол алдында тізілген қатар асықты кезекті рет атуға дайындық үстінде. Сақасын бас бармағымен және сұқ саусағымен айналдырып, дәлдеп тигізу үшін әзірленіп тұр. Оның міндеті – сақасымен мейлінше көп асықты басқалар жете алмайтындай қашықтыққа ату. Тоқымнан жеңіліп қалған атақты бай-манаптардың балалары алаңқайды айналдыра қоршап,

жеңімпаз сақаның өзгелерді қиратарлық кезекті соққысын күтіп тұр... Кішкентай Тоқым сұлтан олардың қанша асықтарын тартып алды десеңші! Соншама асықты не істейді екен?.. Тоқым топай* ойынында да алдына жан салмайды. Уақыт өте қошқыл тартқан асықтары тіптен көп. Бұл асықтар оған атасынан мұраға қалған деседі...

Күн шайдай ашық. Жақын жерде таяз өзен суы сылдырап ағып жатыр. Балалар осы арадан қолдарымен немесе жеңдері байланған көйлектерімен балық аулайтын.

Тоқым бар күшін жинап, сақасымен атып жіберді – екі асық ыршып түсіп, екі қадам жерге ұшып кетті... Соққы деп осыны айт! Иә, оның сақасы өз ісін жақсы біледі! Дөп тиді!

Осы кезде ауыл жақтан ат тұяғының дүбірі естілді. Балалар жалт қарасты. Маңғыстаудың билеушісі әмір Тойқожаның күзетшісі Кенжетай батыр қара көк атпен (мұндай жылқыны халық қара не кер ат дейді) шауып келеді. Аттан секіріп түскен ол қамшы ұстаған қолын кеудесіне қойып, бала Тоқымның алдында иілді.

– Саған не керек! – деп сұрады кішкентай сұлтан қызық ойынның шырқын бұзған Кенжетайды жақтырмай.

– Мырза, әкеңіз шақырып жатыр... – деді күзетші тағы да иіліп.

Батырдың өзі де тегін адам емес-тін. Аталары беріш тайпасының көсемдерінен шыққан. Бірақ, бұл жағдайда бала сұлтанға тап осылай бағынуға міндетті.

– Әке! – деп айқайлап жіберді Тоқым. – Әкем болса, сөз басқа!..

Тоқымның әкесін көрмегеніне бір жыл болған. Ол әлде сары орыстарға, әлде олардан да боздауырақ теңіз жағасындағы литвалықтарға қарсы ұзақ жорыққа аттанған.

Тоқым шекпенінің қалтасын сыртына айналдырды. Тоғыз не он асық тапталған қысқа шөптің үстіне бытырай шашылып қалды. Ол балаларға:

– Алыңдар! – деді. – Бұл сендердікі. Қайтарамын!

Балалар қуанғандарынан жамырай асықтарын жинауға лап қойды. Әрқайсысы өз асығын тауып алуға тырысуда... Ал Тоқым атқа таяп, күзетшіге былай деді:

– Жаяу жетіп аларсың! Мен асығыспын!

Кішкентай сұлтан Бейжің (Пекин) шеберлері биік етіп көркемдеген ер тоқымға қарғып мініп, күзетшінің сөзіне құлақ аспастан шауып кетті.

Бүгін өлкенің билеушісі Тойқожаның төбесі қызыл тоғыз қанатты ақ үйінде той жасалып жатыр. Ол – осы жер, су, тау, даланың қожайыны ғана емес, әділдігімен және турашылдығымен ерекшеленген Шыңғыс ханның ұрпағы. Халықтың құрметті әрі сүйікті әмірі ұзақ жорықтан оралды. Тойқожа осыдан бірнеше жыл бұрын Мекке мен Мәдинада болып, қажы атанған. Қазір ол төрде бауыр, бала-шаға, туыстары мен жақын адамдарының ортасында жылдың көктем айларында арнайы дайындалатын маусымдық салқын әрі қышқылтым қымыздан ішіп отыр.

Тоқым киіз үйге кіріп келді. Әкесін көргенде елжіреп кетті. «Әке!» деп айқайлап жіберген ол алып адамның мойнынан құшақтап, құшағына енді...



Тойқожа да:

– Балам! Тоқым хан! Айналайын! – деп баласын құшақтай алды.

– Әкесіне ұмтылуын қарай көр! – деді Тоқымның анасы, – Сен жоқта дымын шығармады, қатты сағынғанын да білдірмеді.

Он жасар бала көз жасын сүрте жүріп, әкесінің жанына жайғасты. Содан соң жан-жағын бір шолып өтті. Үйде әкесінің жақын достары – сұлтандар, билер мен батырлар бар екен. Кейбіреулерін Тоқым танымайды да. Бірақ, көпшілігі өз адамдары, өз руластары.

Тойқожа:

– Иә, бір жылдың ішінде балаларымды мен де сағынып қалдым. Бірақ, олардың шешелерімен сөйлесетін әңгімем бар! – деп дауыстады.

Осы кезде жиналғандар бір ауыздан қарқылдап күліп жіберді.

Қыран-топан күлкі басылғанда ғана шауып кеткен баланың соңынан жүгіріп жеткен Кенжетай батыр кіріп келді. Ол билеушіге бас иіп, былай деді:

– Мырза, балаңыз атымды тартып алып, қарсыласқанымға қарамастан, кетіп қалды.

Көңілі жайланып отырған Тойқожаға бұл жағдай қызық көрінді.

– Қарай көр өзін, он жасар бала еңгезердей жігіттің атын тартып алыпты. Жігіт болғанда, қандай жігіттен тартып алған десеңдерші! – деді дауысын көтеріп, баласын мадақтай. – Әй, бәрекеелді, Тоқым хан!

Жиналғандар тағы күліп алды.

Той қас қарайғанша жалғасты. Қараңғы түскенде, оттың жанына жиналған халық ақсақалдардан жаулаушы Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғыс пен Бату хандардың ерліктері, олардың айдаһармен, қызылбас парсылармен, Мысыр, Марокконың зұлым қара сарбаздарымен, ұлы Саладиннің және ұлылығы одан кем түспейтін қыпшақ даласында дүниеге келіп, тағдырдың тәлкегімен қияндағы Африка еліне тап болған Бейбарыс сұлтан



басқарған Арабияның өжет әрі ержүрек бәдәуилерімен шайқастары жөніндегі аңыз-әңгімелерін тыңдады...

Таңертең әкесі Тоқымды шақырып алып, анасы мен қызметшілердің көзінше былай деді:

– Балам! Сен ержеттің, ақылың да кірді. Саған оқу керек, шешеңе еркелегенің жетер. Орыс ханның ордасына барып, сол жерде саидтықты* үйренесің, Алла қызметшілерінің шәкірті боласың. Білім алып, менің орымды баса алатындай, ақылды әрі мықты болуың керек! Сенімен бірге екі қызметшің және екі күзетшің барады.

– Апам ше? – деп сасқалақтады Тоқым.

Жас сұлтан туған ұя, дос-жаранмен аяқ астынан қоштасудың сәті жеткенін білмеп еді.

– Апаң осында қалып, інілеріңді тәрбиелейді. Ол саған қарағанда, бауырларыңа қажетірек. Сен жігіт болдың! Қарашы, бойың да сұңғақ! Сондықтан, көз жасыңды бұлаудың қажеті жоқ, – деп табалдырық жақта жылап отырған әйеліне қарап: – Қатын, сен де жылама! Тоқтат, дедім ғой! Баланы ұлы тағдыр күтіп тұр! Мен мұны отты жанарынан байқадым. Оның жанарында адамдарды бағындыратын, өзіне тарта алатын бір күш бар... Бұл Шыңғыс ұрпақтарының барлығында бірдей кездесе бермейді, осыны біл! – деді зекіп.

Бірер сәттен кейін үй ішіндегілердің өз шешімін осылай қабылдағанына ренжіген Тойқожа былай деді:

– Балам! Сен неге қаққан қазықтай мелшиіп тұрсың! Бар, тез жинал! Жол ұзақ!

Келесі күні таңертең Тойқожа әмір мен бірнеше жүздеген салт атты Сығанақ қаласы орналасқан Сырдария жаққа бет алды. Ақ Орда ханы – Орыс ханның ордасы осында болатын. Жол шығысқа қарай Үстірт жоны арқылы, Үзбе өзенінің құрғаған арнасымен Арал теңізі, Сыр мен Әму өзендеріне бастайтын. Ескендір Зұлқарнайын заманында Арал теңізінің суы ежелгі әрі ұлы Каспий теңізіне дейін ағып жататын деседі...

*Саидтық – дін, халық үшін күресу.



Сығанаққа жақын маңда әулие Қожа Ахмет Иасауидің кесенесі бар. Медресе де осында. Осында мұсылман дінінің қорғаушысы әрі мықты жауынгер болғанға дейін Тоқым хан (Тоқтамыс) бірнеше жыл оқуға тиісті.

XIV ғасырда Алтын Орда немесе Ұлы Моңғол империясы соңғы онжылдық өмірін сүріп жатқан. Моңғол қағаны Шыңғыс хан негізін салған Орда екі жүз жыл жасады. Осы уақыт ішінде моңғол билеушілері қисапсыз түркі халқына сіңісіп, ғылыми тілмен айтқанда, «ассимиляцияланып» кетті. Кезінде моңғолдың қанқұйлы шапқыншылығынан жеңіліс тауып, ыдыраған алып мемлекеттің барлық аймағында түркі рулары бас көтеріп, күшейіп келе жатты.

Тойқожа өмір, кішкентай Тоқым сұлтан мен олардың серіктері бір оғаш көріністің куәсі болды.

Ұлы Дала шексіз қанды шайқастардан әлі есін жиып үлгермегендіктен саяхатшыларға елсіз жер болып көрінді. Олар жол-жөнекей азды-көпті сақталған үйінділерді кезіктірді... Көз ұшында қалың өсімдік басқан, тұрмысы жақсы қыстақ тұрғандай еді. Бірақ, елді мекенді кезіктіріп қалармыз деген үмітпен жақындағанда, қаңыраған үйлер ұшырасты. Көкжиектен ілуде бір көшіп-қонған ауылдардың керуендері байқалды... Басқа тірі жан жоқ. Қалалар мен қыстақтар дымы қалмай қирап қалған...

– Кезінде бабамыз Шыңғыс хан үлкен қалалар адамзатқа апат әкеледі, сондықтан оларды қирату қажет деген екен, – деп түсіндірді әкесі Тоқымның «Неліктен жол бойында бірде-бір тұрғын қала жоқ?» деген сұрағына...

Десе де, Ұлы Далада бір қала аман қалыпты... Бұл Отырардың маңындағы моңғолдар екі жүз жыл бұрын қиратқан Сығанақ болатын.

Көптеген үйлер тұрғызылған қалада сансыз көп ағаштар өсіп тұр. Арықтарда су ағып жатыр... Адамдар атпен, қашырмен, есекпен ерсілі-қарсылы жүр. Қолөнершілер, ұсталар, тері илеушілер, жиһазшы-ағаш ұсталары өз дүкендерінің жанында өндірген тауарларын сатып отыр. Негізінен, олар: зергерлік бұйымдар – мыстан жасалған ыдыстар, әшекейлер, қанжар мен қылыштар, бөріктер, ішіктер, сандықтар, дөңгелек төмен үстелдер.

Қала базарына асыққан саудагерлер өз тауарларын, көкөністер мен жеміс-жидектерді алып бара жатты. Бірақ, Тойқожа мен жанындағы салт аттыларын байқаған олар жолдан тез ғайып болып, тығылып қалды. Бұл қарулы адамдардың ойында не бар екені бір Аллаға ғана аян. Сондықтан, бөтен адамдардан аулақ жүрген абзал.

Көшпелі рулардың өмірі қиын еді. Алтын Орда бір күннің, тіпті он жылдың ішінде ыдыраған жоқ. Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің жанынан өткенде, ол жерде мұсылмандық жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстары басталғаны байқалды. Тойқожа мен Тоқым серіктерімен бірге кесенеге кіріп, дұға оқыды, әулие әруақтарға сыйынды. Түркістанның төбеге көтерілген, күн сәулесімен жылтыраған көгілдір биік күмбездері Тоқымның санасында қол жетпейтін арман секілді мәңгіге сақталды...

Мәуереннахрдың өмірі Ақсақ Темір Түркістанда маңызы жағынан Меккеден кейінгі екінші орындағы мұсылмандардың қасиетті орны – Қожа Ахмет Иасауидің кесенесі орналасқанын



білгеннен бастап, саидтар мен шәкірттердің діни сенімдерін нығайту жолында асықпай дәріс алуы үшін ғимаратты қайта салып, ішкі бөлігін жөндеп, қалпына келтіруді бұйырды.

Тоқым сұлтан мен оның әкесі куә болған жөндеу жұмыстары кесенені қалпына келтіру шараларының бастамасы еді. Енді Әмір Темір жөнінде аздап тоқтала кетейік.

Бала Тоқым аса қызыққұмар еді. Сондықтан, әкесін жол бойы сұрақтың астына алды. Ол дүниенің құрылымы, ауа райының қалай және неге өзгередіні, әлемдегі ең мықты жануар жөнінде, Құдайдың – Ұлы Аллаһтың адамдарға неліктен көрінбейтіні, Мұхаммед пайғамбардың қанша жыл өмір сүргені туралы сұрады...

Әкесі жауап беруден жалықпады. Аттың үстіндегі бірқалыпты жүріс кезінде баласына бар білгенін әңгімелеп беруге тырысты.

Тоқымның бір сұрағы келесідей болды: «Әлемдегі ең мықты билеуші кім?» Тойқожа ойланып қалды... Ол өзін әлемдегі ең қуатты адамдардың санатына қоса алмады. Себебі, Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауына ғана иелік етті. Бұған қоса, Ақ Орданың ханы Орысқа бағынды. Ал, Ақ Орда ханын әлемнің ең қуатты билеушісі деуге бола ма? Жоқ, сірә болмас. Алтын Орда бөлшектеліп жатты... Моңғолдар империясы алдымен Шыңғыс хан ұлдарының арасында уәлаяттарға – ұлыстарға бөлініп, Ұлы Даланың үлкен аумағы Жошы ханның билігінде қалды. Сосын ұлыстар одан да ұсақ мемлекеттерге бөлшектеле бастады: Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан, Шағатай мемлекеті. Даланың Шыңғыс хан ұрпақтары саналатын хандары бірін-бірі аяусыз қырып-жойды. Сол үшін Шағатай ұлысында жарты ғасырдың ішінде жиырмадан астам билеуші өзгерді. Бір әулет екінші әулетті алмастырып, өзінің алдындағы әулеттен таққа таласатын ешкім қалмайтындай етіп, еркек кіндіктіні сәбиіне дейін өлтіріп, түп-тұқиянымен құртты... Сондықтан, моңғолдардың күші әрбір жаңа онжылдық сайын кеми берді... Бұған қоса, 1370 жылы Мәуереннахрдағы жеке билікке отырықшы диқаншы халықтарды (өзбектер,

тәжіктер, түрікмендер, ауғандардың бір бөлігі) біріктірген жоғарыда айтылған сұлтан Темір – Темірлан келді. Жан-жақты алып қарағанда, ол бүкіл Орта Азияны жаулап алмақ болды...

Темірланның тегі моңғол емес. Түрікменнің барлас руынан тарайтын әкесі Тарағай бек жас кезінде бірнеше өзара соғыстарға қатысқан. Әмір Темір Мәуереннахрдағы ықпалды адамдар саналатын ақсүйек түркілерге арқа сүйеді. Ол Шыңғыс ханның ұрпақтарымен ашық жауласты деуге болмайды. Себебі, бұған күші жетпеді. Бірақ, Темір Сырдарияның арғы бетін мекендеген барлық халықты өзіне бағындыра алды. Ол қалаларды көркейту, мұсылман мектептерінің іргетасын қалау, медресе, мешіттерді салу бойынша мемлекеттік қызметін іргедегі халықтарды жаулауға бағытталған әскери жорықтарымен біріктірді.

Жас Тоқым ер жетіп келе жатқан сол жылдары Әмір Темір Иранға, Иракқа және Ауғанстанға ұзаққа созылған шабуылдар жасады. Осының барлығына оның он жыл уақыты кетті... Бұл ересек бала Тоқымның мықты әрі зерек жігітке, жас Тоқтамыс сұлтанға айналуы үшін жеткілікті мезгіл болатын...

Тойқожа әмір Темірді әлемдегі ең мықты патша санайтынын айтпақ болған. Бірақ, дер кезінде тоқтады. Шындығында, Темір Шыңғыс хан ұрпақтарының, осыған сәйкес Тойқожаның да ең басты жауына айналған... Демек, Тоқтамыстың да жауы... Маңғыстаудың білімді әмірі бұл мәселені баяғыда түсінген. Бірақ, Орыс хан мен өзге билеушілердің осыны білмегені өкінішті-ақ.

Енді далалық түркі тайпалары мен рулары Алтын Орда халқы санатында біріккенде, түркі жауынгерлері моңғолдардың соғыс туының астында қызмет етті. Бұл жағдаймен әмір Темірдің өзі де санасатын. Ол үлкен ықпалға ие болып, 1370 жылы ұлы әмір лауазымын қабылдағанмен, елді жеке-дара билей алмады. Шыңғыс хан ұрпағы – жасанды хан Ілияс Мәуереннахрдың шартты билеушісі еді. Әскербасы Темір үшін билікті қолда ұстаудың басқа мүмкіндігі болмады. Көрші елдердегі моңғолдар билеушілері әлі де мықты...





Маңғыстау билеушісі ұлының патшалық фарры*

Ежелгі түркілер қара шашты, қой көзді ғана емес, сонымен қатар, сары шашты, көк көзді, сұр көзді балаларды да дүниеге әкелген әлемдегі жалғыз халық шығар. Ақ Орда ханы Қара Ноғайдың шаңырағында да сары шашты, қой көзді бала дүниеге келгенде, оған Орыс деп ат қойды дейді халық. Бадық сұлтанның сол ұлы Орыс хан Тұғлық Темір хан дүние салғаннан кейін Түркістан ханының тағына отырды.

«Бұл уақытта Тоқтамыс пен Темір Құтлыққа хан тағы бұйырмады. Олар Орысқа қызмет етті. Құдайдың шарапатымен Тоқтамыс сұлтанның бойында патшалық харизма (фарр) байқалып тұратындықтан, Орыс ханның нөкерлері мен басқа да адамдар еріксіз осы сұлтанға иілетін. Сол себептен, жоғарыдағы аталған хан Тоқтамыс оғланды** қатты жек көрді және оны өлтіріп, біржола құтылуға да бекінеді».*.*.*

Алтын Орда ханы Тоқтамыстың кескін-келбетін: «Ол ұзын бойлы, кең иықты жігіт еді, қой көзді ақылды жанары жазық маңдайының астынан әлемге қарап тұратын. Сабырлы, ойлы, кейде тіпті тұйық адам секілді әсер қалдыратын. Бірақ, Тоқтамыстың қаншалықты атаққұмар екендігін көп

*Патшалық фарр – харизма (грек. *charizma* – шарапат, Құдай берген қабілет), ерекше дарындылық; харизмалы адам – даналық, батырлық, қасиеттілік секілді ерекше қасиеттерге негізделген тұлға, избасарларының алдында беделге ие көсем.

**Оғлан – шағатай тілінде сұлтан немесе ханзада.

***XVI ғасырдың басындағы сол бір ежелгі оқиғалардың куәсі болған шежіреші Өтеміс Қажының кітабынан алынған үзінді. Бұл көне кітапта Тоқтамыстың сыртқы келбеті де сипатталған.

адам біле бермейтін. Әрекетіндегі батылдықты, кекшілдікті, шапшаңдық пен қызбалықты уақыты келгенше сабырлы келбетімен жасыра білді. Тоқтамыс барлық шешімдердің ішінен жалғыз дұрыс шешімді қабылдай алатын қабілетімен ерекшеленетін», * – деп сипаттайды.

Тоқтамыстың тағдыры қызықты әрі қайғылы өтті. XIV ғасырдың сонау бір алыста қалған жылдары Қазақстан мен Орта Азияның тарихында төрт адам тарих пен тағдыр берген рөлдерін өздеріне тиесілі атқарды. Олардың біріншісі – Тоқтамыс, екіншісі – мейірімсіздігімен, қаталдығымен танымал әмір Темір (Темірлан, Ақсақ Темір), үшіншісі – Орыс хан, төртіншісі – Еділ бойының ханы Мамай.

Бесінші адам да бар. Ол – Едіге бек.

Сыпыра Жыраудың сәуегейлігі

Ұлы Далада Сыпыра есімді қарт жырау өмір сүрді. Жырауды кәрілік дендегені сонша, жағы төмен түсіп кете береді екен. Ол жағын мүлдем түсіп қалмас үшін ақ орамалмен байлап қоятын. Біреулер жырау жүз қырық жастан астам өмір сүрді деседі. Енді біреулер Сыпыра жүз сексенге келіп, дүние салды дейді!.. Ол ұзақ өмір сүргендігімен ғана емес, ақын-жырау, әнші әрі даулы мәселелерге төрелік айтатын әділ би ретінде ел жадында сақталды. Сыпыра – өзі шығарған созылыңқы әндер мен эпостық дастандардың орындаушысы, «Даланың қырық батыры» деп аталған Ұлы Даланың қырық дастанының авторы.

Бірде Сыпыра жырау Орыс хан билеген Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласына жол тартады.

*Бұл да сонда (Өтеміс Қажы).

Қадірменді ақсақалды күтіп алуға қала тұрғындарының жартысы шықты. Орыс хан сарайының алдына көтеріп алып жүруге болатын тақ қойылған үлкен кілем төселді. Ақсақал өз қызметшілерімен және ханның нөкерлерімен бірге халықтың қуанышты айғай-шуымен сарайға жақындап, ақбоз аттан түсті де, ойланбастан таққа жайғасты... Орыс ханның, сұлтандар мен сарай ақсүйектерінің жыраудың жанында тұрып, оның ендігі әрекетін күткеннен өзге амалы қалмады. Ақсақал арқасына асынған домбырасын асықпай, байыппен қынабынан шығарған соң, шертіп көріп, жырын төгілте жөнелді. Адамдар не болғанын түсінбеді. Бәлкім, қартты көзі алдаған шығар, бәлкім, сәуегейлігіне салған болар. Бірақ, ол жырын сарайдың, мемлекет пен халықтың қожайыны Орыс ханға емес, Орыс ханның жанында тұрған Тоқтамыс сұлтанға арнап айтты.

Қарт алдымен өзінің ұзақ өмірінде көрген барлық хандарды санамалай келіп, олардың әрбірінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттады. Содан соң, Тоқтамысқа қарай ойысып, оны хан деп атады. Домбырасын салалы саусақтарымен төге шертіп, әлсіз де болса, нық дауысымен былай деп жырлаған болатын:

*Мен қартыңмын, қартыңмын,
Не көрмеген қартыңмын.
Бастыққа бастық, Бастық хан,
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Кедей хан,
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Ала хан,
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Қара хан,
Оны көрген кәріңмін.
Құлағы шұнақ Назар хан,
Оны көрген кәріңмін.
Он екі тұтам оқ атқан,
Онан соңғы ер Шыңғыс,
Оны да көрген кәріңмін.*

*Мұнарасы қырық құлаш
Өзден сұлтан Жәнібек
Оны да көрген кәріңмін.
Ұлы бабаң Домбауыл,
Соны көрген кәріңмін.
Жүз сексенге келгенде,
Шықпаған жан жүргенде...
Сонша хандар өткенде,
Жас та болсаң, Тоқым хан,
Сені көрген кәріңмін.*

Жырды демін іштеріне тарта, сілтідей тынған* айналадағы тыңдаушы халық Сыпыраны қоштап, гуілдеп кетті. Бірақ, сұлтандар мен хан сарайының ақсүйектері, Орыс хан мен Тоқтамыс сұлтан кенеттен болған бұл жайтқа не айтарларын білмеді. Дәстүр бойынша, жырау Орыс ханды мадақтап ән салуы керек еді. Бірақ, ол өзінің ұзын-сонар монологын Маңғыстау билеушісі Тойқожаның ұлы – Тоқтамыс сұлтанға арнады...

Қарт жыраудың соңғы сөздерін естіген Орыс хан ашудан күреңітіп кетті. Содан соң бұрылды да, сарайға кетіп қалды. Оның соңынан сұлтандар мен ақсүйектер де желе жүгіріп кетті... Тек Сыпыра жырау сөз арнаған Тоқтамыс қана орнынан қозғалмай, тұрып қалды...

Бәріне жас сұлтан дүниеге келгеннен бері бойына дарыған айбынды кескіні мен патшалық фарры (харизма) кінәлі еді. Тоқтамысты көргендер оның алтынмен зерленген ақ шапаны мен шошақ бөркі ғана емес, бүкіл болмысы – патшаға тән сымбаты, аздап қуқыл тартқан қатал жүзі, бүркіт тұмсық дөңес мұрны – өзгелерден ерекше көрінетін дейді.

Бұған қоса, Тоқтамыс Орыс ханға қарағанда бойшаң. Сондықтан, Сыпыра жырау жанында тұрған қой көзді, сары шашты Орыс ханға емес, Тоқтамысқа жүгінген болар. Мүмкін, ақылынан әбден алжасқан қарт сары шашты Орыс ханды орыстың князі немесе литваның елшісі деп ойлап,

*Сілтідей тынған – тып-тыныш болған, қозғалмаған.

Тоқтамысқа жыр арнады ма? Немесе данагөй жырау жылдар өте келе, Тоқтамыстың Ақ Орданың ғана емес, бүкіл Алтын Орданың ханы болатынын алдын ала болжап білді ме екен?

Сыпыра жырау Тоқтамысты Тоқым хан деп атады. Тоқтамысты үйіндегілер, сұлтанның туған анасы, қоңырат руынан шыққан ханшайым Қотан-Құншақ қана осылай атайтын... Қарт жырау оның бала кездегі есімін қайдан білді?

Тоқтамыстың сарай білімін алып, ішкі егес «мектебінен» өтемін деп жүріп, туған үйі – Маңғыстауда болмағанына он жыл болған...

Қарт жырау нені меңзеді? Мүмкін, Тоқтамыстың болашақтағы ұлы тағдырын болжап біліп, оның Алтын Орданың ханы болатынын, кескілескен шайқаста Әмір Темір-



мен, Мамай ханмен, Едіге бимен соғысатынын, поляк және литва князьдері Ягайло мен Витовттың одақтасына айналатынын күні бұрын сезіп, осыны жырлады ма екен?..

Шындығында, жыраудың жас сұлтанды Орыс ханмен араздастыратын ойы болған жоқ. Оның келгендегі мақсаты бұл емес-тұғын...

Қалай болғанда да, қарт жырау өз сөзін айтып, Тоқтамыс ханды Тоқым хан деп атады. Бұл, әрине, жауыз әрі зұлым билеуші Орыс ханның қытығына сөз жоқ тиді.

Осы бір ерекше оқиғаның салдары қайтымсыз және ауыр болды. Қарт жырау ақбоз атына отырып, Ұлы Даланың басқа да аймақтарын аралауға жүріп кетті. Жырымен және сәуегейлігімен өзгелерді де таңдандыруға аттанды. Ал Орыс ханның сарайында осыдан кейін қауіп-қатер өршелене түсті...

Әке өлімі

Орыс хан қарт ақынды өлімге кесу халықтың ашу-ызасын тудыратынын жақсы түсінді. Сондықтан, өзін көзіне ілмей, қорлаған жүз сексен жастағы жыраудың қанын төкпеді. Оның үстіне, екі жүзге таяп, ақылынан алжасқан шал дені дұрыс не айта қойсын? Қарттың қылығы мен қорлығын ұмытып кетуге де болар еді. Бірақ, осы уақытта мүлдем басқаша жағдай анық байқалды. Тоқтамыс сұлтанның маңғаз келбетін оның бозбала кезінде елемеуге болар еді. Енді сымбатты жиырма жастағы жігіттің патшалық айбыны көзге оттай басылатын болды. Оны басқалар да байқап, хан ретінде қабылдай бастады. Бұған шыдау мүмкін емес-ті! Тіпті Орыс ханның нөкерлері мен басқа да адамдар осы бір жас сұлтанның күші мен ақылын мойындап, оған еріксіз бас

июді бастады. Орыс ханның Тоқтамысты жек көріп, оны өлтіру туралы шешім қабылдауына осының өзі жеткілікті.

Бірақ, Тоқтамысты жай ғана өлтіре салуға болмайды. Тоқтамыстың әкесі Маңғыстаудың билеушісі Тойқожа әмірдің көзі тірі. Алдымен сонымен есеп айырысып, содан кейін барып баласын өлтіру керек. Егер Тоқтамысты өлтірсе, онда Тойқожа әмір ханға қарсы шығып, кегін қайтарары анық. Орыс ханға әскерімен қарсы шығып, күреске өзге де әмірлерді шақырады... Ұлы Далада ежелден келе жатқан «Іштен шыққан жау жаман» деген мәтел бар. Ханды сыртқы жаудан халық қорғайды. Ал ішкі дұшпаннан кім қорғайды? Шектен шыққан Маңғышлақ көсемдерін – әкесі мен ұлын қалай да өлтіру керек.

Орыс хан Тойқожа мен Тоқтамыстың көзін құрту туралы шешім қабылдағаннан аз уақыт бұрын Шағатай патшасы Кегенес Қуғанның ұлы Дәрбішек мырзаға елші жіберген. Хан Тойқожаға бағынған шырын руының әскерін Дәрбішекпен бірге аттандырды... Олар бірнеше күн жол жүрді... Шырын руының әскері жорықта болған осы күндері Тоқтамыстың әкесі Тойқожаны өлтірудің реті келді.

Бұл уақытта Орыс ханның ордасы Сығанақ қаласының маңындағы сайын даладағы Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Хан отбасының және оның туыстарының жайлауы осы жерде. Орыс ханға бағынышты сұлтандар мен әмірлер де осы араға кеңеске шақырылды.

Орыс хан өз иелігіне Алтын Орданың қалған бөлігін, сонымен бірге, кезінде Бату хан салған Ұлы Даланың басты қаласы Сарайды қосып алмақ. Бір сөзбен айтқанда, жүз мыңдық қол жинап, өзін Алтын Орданың ханы деп жариялаған әскербасы Мамайға қарсы Еділ жағалауына жорыққа аттану керек...

Хан кеңесіне шақырылған сұлтандар мен әмірлердің барлығы жиналды. Олардың қатарында Тойқожа да бар.

Орыс хан Алтын Ордамен соғысқа аттанатыны туралы жарлығын жариялағанда, сұлтандар мен әмірлер «Бабамыз Шыңғыс қолдасын!» деп дауыстады. Тек Маңғыстаудың әмірі Тойқожа ғана үнсіз қалды...

Осыны байқаған Орыс хан туысы Тойқожаға қарап:

– Ал сен неге үндемейсің? Әлде, Алтын Ордаға қарсы жорықты бастаудың қажеті жоқ деп есептейсің бе? – деді.

Тойқожа:

– Руластарымыздың қанын қашанғы төгеміз? Таяуда Ақсақ Темірмен шайқасамыз. Оған тойтарыс беру үшін өзара қырқыспай, бірігу қажет! – деп жауап берді.

Орыс хан кекесінмен күлді... Содан кейін былай деп дауыстады:

– Бізді кіммен соғысатынын білмейді деп ойлайсың ба? Алдымен Сарай қаласын басып алып, сол жерде күш жинау керек. Олай етпесек, қалаға басбұзар Мамай кіріп алады!

– Мамай – бар болғаны бір түмен, яғни он мыңдық әскердің жетекшісі. Ол бізге қандай қауіп төндіре алады? – деді Тойқожа бұрынғыдан да түнеріп, әлдебір қара ниетті сезгендей. – Өзбек пен Жәнібек хандар салған Орданың негізін қиратқанда не табасың?

– Мен жаңа Алтын Орданы құрамын! Барлықтарың осының куәсі боласыңдар! – деп айқайлады Орыс хан.

– Біздің жауымыз Алтын Орда емес, Темір. Семсеріңді соған қайра, әйтпесе, ол өз семсерін саған арнап қайрап жатыр. Жақында Темір Хорасан мен Хорезмді өзіне бағындырады. Сол кезде оның көзі сары өзен Сейхунның жағасында тұрған сенің қалаларыңа түседі, – деген әмір үнсіз қалды. – Мен айтарымды айттым. Сосын естімедім деп жүрме және саған сарбаздарымды бермеймін.

Орыс ханның дауысынан ашу сезілді:

– Сонда сарбаздарың кімге көмектеспек? Мүмкін, Мамайға көмектесер?

– Менің Мамайда шаруам жоқ! Ортақ іске сатқындық жасайтын мен емес! Бірақ, бұл жорыққа сенімен бірге бармаймын! – деген әмір басын шалт көтерді.

Осы кезде Орыс ханның Тойқожаның жанында тұрған күзетшісіне ишара білдіргені сол еді, күзетші қылышын сермеп қалды. Әмірдің басы қып-қызыл із қалдырып, кілемнің үстімен домалай жөнелді...



Сұлтандар мен әмірлер семсерлеріне жармасты. Бірақ, Орыс хан тақтан тұрып:

– Кейін шегініңдер! Бәрің тараңдар! Аулақ кетіңдер! – деп айқай салды.

Абдыраған сұлтан, әмірлер Орыстың сөзіне құлақ асып, бір-бірін итерісе үйден шығып кетті.

Тойқожа осылайша жан тапсырды. Оның өмірін сарп еткен ұлы Еділдің жағасында орналасқан Бату Сарайына жасалмай қалған жорық болды. Енді Орыс хан сарбаздарына Тоқтамыс сұлтанды тауып, өлтіруді бұйырды.

Әкесінің өлімі туралы естіген Тоқтамыс Орыстың сарбаздарынан құтылу үшін арғымағына қарғып мініп, өзенге қарай шауып кетті. Атын суға қарай қуған Тоқтамыс жылқының жалына жармасты. Осылай атымен бірге өзеннің келесі бетіне жүзіп шықты. Қуғыншылар аз ғана кешігіп жетті. Тоқтамыстың соңынан жебелер жаңбырша жауды. Олардың бірі жас сұлтанның қолына, екіншісі аяғына тиді.

Бірақ, Тоқтамысты жарау* аты құтқарып қалды. Ол жаралы Тоқтамысты келесі жағаға сүйреп алып шықты.

Бұл арада Сырдарияның суы біраз жерге тасып, ені жарты шақырымға дейін жететін... Осы жолы тағдырдың өзі Тоқтамысқа ара түсіп, өлімнен құтқарып қалды...

Күздің салқын мезгілі болатын. Сырдарияның жағасындағы суды жұқалтым мұз басқан... Келесі жағада Бұхара мен Самарқандтан кезекті жорықтан қайтқан Әмір Темірдің сансыз сарбаздарынан аздап артта қалған Едіге би келе жатты...

Едігенің көзі Сырдарияның жағасына түсті. Бір жалаңаш жас жігіт су жиегіндегі қамыстың арасынан шығып, қатты қиналып, құрысып, етпеттей құлады. Едіге би: «Бұл бақытсыздыққа ұшыраған бейбақ болды ғой!» – деп ойлады. Енді ол желе жортып Темірді қуып жетіп, былай деді:

– Мырзам! Рақым ет. Бұйрығың бойынша қызметіңді атқардым. Аман-есен ордаңызға жақындап келесіз. Ары қарай жол жүріп, уақытымды жоғалтудың сізге қажеті қанша? Осы жерден үйге аттануыма болмас па екен?

Едіге әмірдің әскерінен неліктен біршама уақыт бөлек кеткенін айтып жатпады. Бидің сөзін жөн санаған Темір оған кетуге рұқсат берді. Едіге кері бұрылып, жаралы бейбақ жатқан жерге келді. Атын жалғыз ағашқа байлап, жаяу жетті. Жақындағанда жігіттің аттың терлігін жамылып, қатты тоңғаннан қалтырап жатқанын көрді. Аяғы мен қолы ауыр жараланыпты.

Едіге:

– Кімсің? – деп сұрады.

Тоқтамыс тістері сақылдап:

– Оны неге сұрадың?! Күзеттегі құлмын, – деп жауап берді.

– Қиналғаныңды, жарақаттанғаныңды көріп тұрмын.

Есіміңді айт.

– Маңғыстаудың әмірі Тойқожаның ұлы Тоқтамыс сұлтанмын. Орыс ханның мені өлтіргісі келетінін баяғыда сезіп едім. Бүгін таң сәріде ханның адамдары әкемді өлтіріп, үйіме шабуыл жасады. Атыса жүріп, тысқа шыққанда

*Жарау – қаншырдай қатып келген, жараған, ширыққан.


олардың көп екенін көрдім. Өзен жақын болатын. Сондықтан, өзенге қойып кеттім. Суға түскенде, жебе тиді. Әсіресе, аяғымнан қатты жараландым. Әл-дәрменім жоқ, қозғала алар емеспін... Қолыңнан келсе, көмектес. Сауыққан соң, алғысымды айтармын...

Едіге би өз кезегінде былай деді:

– Издегенім өзің едің... Өмірімді саған тапсырамын. Сен үшін құрбан етемін. Ұлы Тәңірім саған бақыт сыйлағанда, мені ұмытпа.

Едігенің көмектесетінін түсінген Тоқтамыс сұлтан былай деп серт берді:

– Ұлы Тәңір, Жаратқан Құдай қандай да бақыт бермесін, сенімен



бөлісемін және сөзің мен тілегіңе ешқашан қарсы келмеймін!

Едіге сол заматта иығындағы мақталы шапанын шешіп, сұлтанды жақсылап қымтап, алдына ас қойды. Содан кейін былай деді:

– Мені келмей қалады екен деп күдіктенбе. Тірі болсам, қайта оралып, сені осы жерден тауып аламын.

Едіге осыны айтып шауып кетті. Ол үйіне келген соң, адамдарын жинады. Руластарының ішінен бірнеше жігітті жанына ертті. Олар аттарын қамдап, жаралы Тоқтамыс жатқан жерге келді.

Сұлтанның жарақатын таңып, Орыс ханның жауы Әмір Темірге алып барды.



Орыс ханның өлімі

Мәуереннахрдың әмірі Ақсақ Темірдің 1375 жылы кезекті жорығы сәтті аяқталғаннан бастап беделі арта бастады. Оның әскері Бұхара мен Самарқандты бірнеше шайқастан кейін бағындырды.

Едіге сарайға жаралы Тоқтамысты жеткізгенде, әмір оларды құшақ жая қарсы алды. Тез арада емшілерді алдыртты. Олар Тоқтамыстың аяғындағы жебенің ұшын алып тастады, шыққан қолын салып, түрлі амалдармен емдеді. Тоқтамыс бір айдан соң сауығып кетті.

Сол жылы қыста Тоқтамыс әмір Темірдің қызметінде болды. Көктем шықты. Әмір Темір сұлтанға бірнеше көмекші мен жасақ бөліп берді. Тоқтамыс Орыс ханның соңына түсуді бастады...

Көктем шығысымен көшпенділерді бір ғана ой мазалайды: қашан және қайда көшу керек, өздері тоқ болу үшін және малдарын қысқа жемдеу үшін қай жерде тұрған оңды? Орыс ханның ауылы жайлауға бет алғанда, Тоқтамыс жасағымен бірге бас салып, бір табын жылқысын алып кетті. Бірақ, Орыс ханның күзетшілері оларды қуып жетіп, табынды кері қайтарды. Тоқтамыстың жанындағы барлық адам ұрыста қаза тапты...

Тоқтамыс Темірге құр алақан қайтты. Әмір оған жаңа жасақ берді. Тоқтамыс Орыс ханның иелігіне қырғидай тиюді қайта бастады.

Шырын, барын, арғын, қыпшақ сияқты көшпенді рулар сонау заманнан Тоқтамыспен одақтас рулар саналатын. Сұлтан Орыс ханға соғыс ашқанда, одақтас рулардың ержүрек жігіттері Тоқтамысқа барынша қолдау көрсетті.

Осыған жауап ретінде Орыс хан бұл руларға зорлық көрсетіп, тұтас ауылдарды қырып бастады, тұрғындар жапа шекті...

Жазықсыз жандар мерт болған осындай бірнеше шапқыншылықтан кейін одақтас рулар Тоқтамысқа мынандай тілекпен елші аттандырды: «Сенің кесіріңнен Орыс хан бізге қаһарын төгіп, адамдарды өлтіріп, малымызды тартып алуда. Басымызға бақытсыздық төніп тұр. Егер бізге қандай да бір қамқорлық жасай алмасаң, ақірет күні қолымыз жағаңда кетеді!»*

Тоқтамыс сұлтан осы сөздерді естігенде ренжіп, елшіге былай деді: «Биыл жаз жайлауға қозғалғанда негізгі көштің соңынан көшіңдер. Жайлауда өзеннің жағасына орналасып, мені күтіңдер және шайқасқа дайындалыңдар».

Орыс хан көктем келгенде ауылдарымен бірге жайлауға аттанды. Тоқтамыстың одақтас рулары халықтың соңынан көшті. Жаз жайлауға жеткенде, әрбір ру әр түрлі өзеннің жағасына жайғасты. Халық қымыз ішіп, көңіл көтеріп, ойын-сауыққа бой алдырды.

**Ақірет күні қолымыз жағаңда кетеді – ауыр азап шеккен, қиыншылық туған кезеңде тарпа бас саламыз.*



Тоқтамыс та осы кезде жасырын келіп жетті. Күні бұрын қамданғандықтан, әрбір отбасы қос аттан жегілген арбаларға бала-шағасын отырғызып, Еділ өзенін бетке ала жылжыды.

Тек екі күннен кейін ғана Орыс ханға Тоқтамыстың одақтас шырын, барын, арғын, қыпшақ сияқты руларды ертіп, Еділ өзеніне кетіп қалғаны туралы хабар жетті. Хан қол астындағы адамдармен бірге іле-шала қуғындауға түсті. Бұл уақытта Орыс ханның өз рулары жайлауда шашырап жатқан. Жылқылар қоң* жинап, халық мамыражай күйде болғандықтан, хан қызметіне баруға құлқы соқпады. Хан жасағы сан жағынан аз болып шықты. Дегенмен, Орыс екпіндеп, алға ұмтылды. Алыс рулардың жасағы ханға келіп үлгермеді. Ал туыстас рулардың жылқылары семіздіктен жылдам қозғалуға жарамсыз еді. Әрі жаздың орта шені – әскери қимылдар үшін өте сәтсіз уақыт.

Орыс хан қашқын руларды табандап қуып жеткенде, жанында шамамен екі жүз, ары кетсе үш жүздей адам қалған. Кешқұрым Тоқтамыстың қарауыл адамдары алыстан көтерілген түйдек шаңды көрді. Бұл Орыс ханның жасағы еді. Қашқындар дереу кеңес құрды. Олар бір ауыздан қасық қанымыз қалғанша қорғанамыз деп шешті. Ат үстіндегі өмірге әбден үйренген бірнеше жігіттерді бөліп алып, оларға түнде негізгі жасақтан дауыс естілердей қашықтықта жанаса жүріп отыруды тапсырды. Оларды Едіге сұлтанның үлкен ұлы Жақсы Қожа мен Тоқтамыстың ұлы Жәлел әд-Дин сұлтан (ол кезде Жәлел әд-Дин он екіде, Жақсы Қажы да сол шамалас) басқарды.

Түнде Орыс ханның жасағы Тоқтамыстың адамдарын арттарынан қуып жетті. Олар арбаларын алға оздырды, өздері соғыс тәртібін құрып, солардың ізінен жүріп отырды. Орыс хан жауынгерлеріне былай деді:

– Мына адамдар бізден көп. Таң атып кетіп, біздің аз екенімізді көрсе, жағдайымыз қиын болады. Сол үшін оларға түнде айқай-шумен бас салайық. Олар біздің санымызды білмей қалып, қашып кетеді.



Орыс хан түнде шабуылдады. Бірақ, тойтарыс алып, кері шегінді. Қақтығыста Едіге бидің аты құлап, ол: «Әй, арамза Тоқтамыс, уәде осындай ма еді?! Олар кері шегінгенде, мен атсыз қалдым ғой!» – деп безек қақты.

Осы сәтте жас жігіттер аттарының тізгінін тартып, түнгі шайқастың дауысына құлақ түрді. Жақсы Қожа әкесінің дауысын танып, Жәлел әд-Динге:

– Естисің бе? Бұл әкем ғой! Оны ұстап алды! Қазір сенің әкеңді де қолға түсіреді! Өрімдей біздердің әкесіз күніміз не болмақ?! Солармен бірге мерт болған дұрыс шығар?! – деді.

Осы бір батыл балалар Жаратушының қолдауымен негізгі жасаққа барып қосылып, әрқайсысы өз руының соғыс ұранын дауыстап, жауға тап берді. Орыс ханның сарбаздары мұндай тегеурінді күтпеген. Қорыққандарынан аттарының тізгінін тартып, кері бұрылды.

Көмекке шақырған Едіге бидің жекірген дауысын қапталда шайқасып жатқан Тоқтамыс та естіді. Оған шоқырақтап шауып жетіп, атына көтеріп отырғызды да, аулаққа кетті.

Тоқтамыс Орыс ханның соңында оның негізгі жасағы бар деп шамалады. Сондықтан, ханның жауынгерлерін қуғындамады. Қолға түскендерді сол арада қырып салды. Өздері жаудың ат-әбзелдерін жинап, негізгі күштің ізімен қозғалды.

Орыс ханның тұтқыннан сытылып шыққан сарбаздары тым-тырақай бытырады. Олар жиналып, жан-жақтарына қарап түгендегенде, араларында хан жоқ болып шықты. Кері бұрылып, ұрыс даласына келіп, Орыс ханның өлі денесін тапты... Дереву мәйітті алып, үйді-үйлеріне тарасты.

Едіге, Тоқтамыс пен оның қарамағындағылар Орыс ханның жасағы қуып жетеді деген оймен басқа жаққа қарай қашты...

Орыс хан өлімінің мән-жайы осындай. Бұл 1375 жылғы оқиғалар. Кейінірек: «Жәлел әд-Дин сұлтан бала кезінде әкесі мен Орыс ханның арасындағы шайқаста бозбалаларды басқарып, жауға тұтқиылдан шабуылдап, ханның өзін өлтірді», – десті адамдар.

Тоқтамыс пен оның ұлы Жәлел әд-Дин біріне әке, екіншісіне ата – Тойқожа әмірдің өлімі үшін осылай кек алды...



Қайырымсыз туыс - Қанбай

Онымен, Тоқтамыстың қас дұшпаны Орыс хан дүниеден өтті. Дегенмен, Тоқтамыс бұдан хабарсыз еді. Ол одақтас рулармен бірге Орал тауларының маңындағы Көкедей-Иісбұға шатқалына қашып келді. Бұл сулы да, нулы, шұрайлы жер болатын. Көкедейді Шайбан ханның немерелерінің бірі, Илфак ханның ұлы Қанбай билейтін. Тоқтамыс сұлтан оны Шыңғыс ханнан тараған туысым деп арнайы келген болатын. Бірақ отбасы мен бірнеше одақтас рулардың шаруасымен басы қатқан Қанбай сұлтанға лайықты құрмет көрсетпеді. Орыс ханның өлгенін ол да білмейтін. Далалық «ұзын құлақ»* Орыс ханның өлімі туралы хабарды әл жеткізіп үлгермеген.

Қанбай хан Тоқтамыстың рулары мен ауылдарына Тац өзенінің сағасынан жұпыны ғана қонысты бөліп берді...

Тоқтамыс Қанбайға аздап ренжіді. Бірақ, тағдырдың жазуы басқа болғандықтан, бір орында қол қусырып қарап отыра алмады. Ол Қанбай ханға мынандай хабармен жансыз** жіберді: «Әмірші хан, сен маған әрі әке, әрі ағасың. Менің парызым – өле-өлгенше сен үшін қылыштасу. Қарапайым адамдардан шыққан, бұрын бар болғаны түменбасы*** болған әскербасы Мамай барлық халықты иеленіп, өзін Еділ хандығының ханымын деп жариялады. Енді ол өзін Алтын Орданың ханымын деуден тайынбай отыр. Сондай-ақ, Мамай орыстардан (Мәскеу Русі) жыл сайын жасақ пен алым-салық төлеуді

*Ұзын құлақ – хабар жеткізуші, таратушы, қазіргіше телеграф.

**Жансыз – жаны жоқ адам, себебі, қарсы тарап жаман хабар жеткізген адамды өлтіруі мүмкін.

***Түменбасы – он мыңдық әскердің – түмен қолбасшысы.

талап етуде. Біздер, Шыңғыс қаған ісінің мұрагерлері мұндай бетімен кеткендікке шыдай алмаймыз. Қанбай хан бізді бастаса, Мамайға жорыққа аттануға әзір едік. Тек Құдіретті Тәңір біздің қолымызға берсе – Қанбай ұлы хан болар еді, біз де ат пен тонға қарық болар едік».

Тоқтамыс бүкіл әлемге соғыс ашты. Сондықтан, барлық туыстарын одақтас болуға шақырды...

Өзінің хандық ұлылығының атына айтылған осыншама мақтау сөздерді естіген Қанбай алғашында жорыққа аттанбақ болды. Бірақ, ол жасқаншақ әрі қорқақ еді. Сондықтан, би-бектерімен кеңес өткізді. Кеңесшілері онсыз да шегіншектеп отырған Қанбайды мұндай батыл қадамнан айнытып тастады. Сөйтіп, жорық болмай қалды. «Шайбандардың кеңесі кері» деген мәтел осыдан қалған.

Тоқтамыс Қанбайдың ұлылығына сенуден қалды. Сол үшін оның иелігінен кетуге рұқсат сұрамақ болды. Яғни, ол кезінде Орыс ханнан қашқаны сияқты, енді Қанбайдан да қашпақ.

Бұл уақытта барлығы Орыс ханның сол бір түнгі шайқаста өлгені және оның Ақ Ордадағы хан тағына марқұм Орыс ханның ұлы Темір-Мәлік отырғаны туралы хабардар болған.

Осы қиындықтарға қарамастан, Тоқтамысқа көмек беруге дайын құрметті адам табылды. Ол Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы, Қанбай ханның өгей ағасы Араб оғлан болатын. Қанбай мен Араб оғлан екі шешеден туған. Ол сұлтан болғандықтан, аса бай әрі дәулетті-тұғын. Араб Тоқтамысты өзіне шақыртып алды. Көп жылқы мен қой сойып, қонақжайлылық көрсетті. Екеуі он екі қанатты үлкен ақ үйде бірнеше күн той тойлады. Сосын Тоқтамысқа былай деді:

– Қазір біздің арамыздағы үлкеніміз әрі рубасымыз – Қанбай. Сондықтан, жорыққа бізді бастап барады деген үмітіміз болған. Бірақ, ынжық неме сөзінде тұра алмады және қорықты. Соншама атақты адамның жауын қырып тастауға батылым бармайды. Мен бұрын да сені сенімді әрі қайырымды адам болар деп ойлағанмын. Ісіңді Тәңірі қолдасын!

Бұл жолғы саған қолдауым әрі көмегім мынандай болмақ: аттарымды айдап әкеліп, алдыңа тосамын. Маған сауын биелер де жетеді. Ал аттар мен байталдардың ішінен өзіңе жолға жарайтынның бәрін ал».

Араб оғлан осылай жасады: жылқыларын айдап әкеліп, алдына тосты.

Ол Тоқтамысқа төрт, бес жасар аттармен қоса, екі жасар құлындары бар алпыс төрт жылқы тарту еткен деседі.

Енді жүздеген, тіпті мыңдаған жылқысы бар Тоқтамыс әскер жинап, Алтын Орданың тағын мұралаған, Орыс ханның ұлы Темір-Мәлік ханға қарсы тайсалмастан қозғалыс бастамақ.



Ақ Орда мен Алтын Орда ханы

Орыс ханның өлімінен кейін Ақ Орда ханының тағы алдымен оның ұлы әрі мұрагері Тоқтақияға тиді. Бірақ, Тоқтақия екі айдан кейін дүние салды. Ханның өліміне байланысты деректер бізге белгісіз. Оны улап өлтірген болуы мүмкін... Енді таққа бауыры Темір-Мәлік отырды. Тарихшылардың айтуынша, бұл хан дарынсыз билеуші және көкжалқау ретінде танылған. Ол түрлі мейрам-тойлар жасап, айналасына өзі секілді сауықшыл жас жігіттерді жинаған. Солармен бірге ішіп-жеп, сосын ұзақ ұйқыға кетеді екен. Темір-Мәлік ешқандай белсенді мемлекеттік қызметті жүргізбеген. Осы арқылы өзінің бектері мен батырларының көңілдерін қалдырған.

Келесі жылы (1378 ж.) Тоқтамыс Ақсақ Темірмен одақтасып, Ақ Ордаға қарсы аттанды. Ақ Орданың әскері шайқасқа дайын болмай шықты. Темір-Мәлік лайықты тойтарыс бере алмады. Сондықтан, жеңіс Тоқтамыс пен Темірге оңай келді. Темір-Мәлік хан сол шайқаста мерт болды. Тұтқындардың арасында ханына адал берілген батыр бар еді. Тоқтамыс егер сол батыр өзін хан ретінде мойындаса, оған рақымшылық көрсетіп, қызметке алмақ болды. Бірақ, батыр тізерлеп, былай деді:

– Мен Темір-Мәліктің көзі тірісінде әмір, билеуші секілді жақсы өмір сүрдім. Қолымнан келсе, оның тағында отырғаныңды көрген адамның көзін ойып алар едім. Егер маған қайырымдылық көрсеткің келсе, ханымнан бұрын өлмесем де, мәйітімді одан бұрын көму үшін басымды шауып, үстіне Темір-Мәліктің басын, денеме денесін қоюды бұйыр...

Шын берілген батырдың тілегі орындалды. Хан мен батыр бір қабірге жерленді...

Тез әрі жеңіл жеңісіне көңілі толған Ақсақ Темір бұл оқиғаның құрметіне үлкен той жасады.

Тап осы жерде, гүл көмкерген көктемгі далада Темір Тоқтамыс сұлтанды хан көтеру туралы бұйрық берді. Бұдан былай Ақ Орда мен ол бағындырған барлық жерлер жаңа ханның иелігіне көшетін болды. Тоқтамыс Ұлы Даланың жеке-дара билеушісіне айналды және оның алдында бұдан да үлкен билікке бастар жол жатты. Ол барлық көшпелі империяны – Алтын Орданы жаулау және қалпына келтіру жолы еді...

Тоқтамыстың қуатын, болашағы мол атаққұмарлық жоспарын болжап білгендер, сәттілік пен байлық іздегендер, сандаған көп ру көсемдері мен батырлары соған қарай ағылды.

Тоқтамыс бірталай әскер жинап, жорыққа аттанды. Еділ өзеніне жетіп, Берке Сарайына келді. Сол кезде қалада





хан да, сұлтан да болмады. Тоқтамыстың әскері бірде-бір оқшығындамастан, Берке Сарайын алып, оның қожайындарына айналды...

Тоқтамыс кезінде Шығыс Еуропа мен Балқан мемлекеттерін жаулап алған атақты Бату хан салдырған, дәл қазір қаңырап тұрған хан сарайына кіргенде, оны бір ғана адам – сарайдың қызметшісі әрі қарауылы қарсы алды. Ол да Тоқтамыстың бойындағы патшаға тән сымбатты байқап, жерге басы жеткенше иіліп, билеуші ретінде сәлем берді.

«Іздеген жетер мұратқа» демекші, билік Тойқожа баласы Тоқтамыстың қолына жорықта жүргенде келді. Тоқтамыс Алтын Орданың астанасы – Берке Сарайы қаласын осылай алды. Сұлтан осы жағдайды пайдаланып, жұма мешітінде құтпан* намазын оқып, хан болды.

*Құтпан – бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы.

Орыс хан 1375 жылы жан тапсырды. Осыдан төрт жылдан кейін ғана Тоқтамыс сұлтан Ақ Орда мен Алтын Орданың билігін бейбіт жолмен алып, хан тағына отырды.

Тоқтамыс хан Араб оғланмен әрдайым жүздесіп тұратын. Оған оң қанатынан қоныс беріп, жанына отырғызды. Бірнеше күннен кейін Берке Сарайында Тоқтамыстың Алтын Орда тағына отыру құрметіне үлкен той жасалды. Бұл тойда палуандар сайысы мен ат жарысы – бәйге өтті.

Тоқтамыс пен Малай

Алтын Орданың ханы болған Тоқтамыс үшін одақтас рулардан жүз мыңдаған салт аттыдан құралған үлкен қол жинау ешбір қиындық тудырмады. Енді ол толық құқылы хан. Осыған қарап, Сыпыра жыраудың сәуегейлігі орындалды деуге болады.

Сонау бір заманда ұлы бабасы Шыңғыс хан бекіткен әдет-ғұрып бойынша, далалықтар ханның бұйырыуымен екі түрлі кеңеске жиналатын.

Біріншісі – барлық ру-тайпалар жиыны. Оған халық, тайпа өкілдері, мемлекет, қағанат, уәлаят, ұлыс пен қала билеушілері келуі тиіс. Мұндай жиын «құрылтай» деп аталды және ол жаңа хан сайлауы кезінде шақырылды. Тоқтамыс хан тақ үшін жеті жыл күресті. Ақыры, дегеніне жетіп, хандықты иеленді. Ол салыстырмалы түрде жас, бар болғаны отыздан енді ғана асқан еді. Сондықтан, адамдарды құрылтайға шақыруға қажеттілік болмады.

Екінші түрі – көрініс. Оған жаңа ханға шұғыл мәселелерді шешуге қажетті көсемдер мен билеушілер шақырылды. Көріністерде өткен шайқастардағы батырлар марапатталып, жасақтардың жаңа жетекшілері: жүзбасы,

мыңбасы, түменбасылар тағайындалды. Кейде ат жарысы – бәйге, палуандар сайысы, ақын-жыраулардың айтысы ұйымдастырылды. Бір сөзбен айтқанда, көрініс өзінше ерекшеленетін, халық бір тойлайтын мейрам болатын.

Бұл жолы Тоқтамыс осындай көрініске өз ниетін халыққа хабарлау мақсатында билерді, батырларды, қала мен аймақ билеушілерін қоса шақырды. Берке Сарайы қаласының маңындағы ұлы Еділ өзенінің жағасына сандаған көп түрлі-түсті шатырлар, жүздеген және ондаған киіз үйлер тігілді. Ас әзірленіп жатқан қазандар жақтан будақтап түтін көкке көтерілді. Салт аттылар, Алтын Ордадағы аймақтар мен уәлаяттардың билеушілерінен келген хабаршылар ерсілі-қарсылы шауып жүр.

Ханның он екі ақ қанатты шатырының алдындағы халық теңіздей тербелді. Шатырдың биіктігі он метрге жететін. Сондықтан, хан шатырына бірінші бас сұққан адам баяу қалықтаған көк жүзіне немесе бұлтқа тап болғандай әсерде қалатын. Осы бір үлкен киіз үйдің ортасында шеберлер ағаштың ең жақсы түрлерінен мәнерлеп ойып, алтын, күміспен безендіріп, қайта жасаған хан тағы тұр. Билер мен құрметті қонақтардың ортасында тақта отырған Тоқтамыс: «Мен жаңа Алтын Орданы құрамын! Барлықтарың осының куәсі боласыңдар!» – деп ойлады.

Бірнеше жыл бұрын (Тоқтамыстың әкесі Тойқожа өлерден бірнеше минут бұрын) Орыс хан тап осы сөздерді айтқан болатын... Қазір Тоқтамыс халықтың өміріне нені өзгерту қажеттігі жайында ойланып отыр. Олай болмаған күнде барлығы бұрынғы сарынмен жүре бермек. Уақыты келгенде Тоқтамысты өзінен де жолы болғыш хан алмастырады. Тағы да ештеңе өзгермейді. Алда үлкен өмір күтіп тұр. Ұрпақтарға, Жәлел әд-Динге және оның сегіз әйелінен дүниеге келген он алты кіші бауырларына шекарасын бұзу ойына да келмейтін, мықты әрі күшті, жеңімпаз әрі мызғымас мемлекет қалдыратындай өмір сүру керек... Бірақ, ол үшін не істеу керек?.. Көріністен кейін Тоқтамыс әскерімен бірге даңғаза Мамай ханның

күлін көкке ұшырып талқандау үшін жорыққа аттанады. Сосын, ары қарай не болмақ?..

Тоқтамысқа орыстар мен литвалықтардың соғыста дәрімен, қорғасын оқпен атылатын қаруларды қолдана-тыны туралы хабар жеткен (жаңалықты хабаршылар жеткізген). Сол литвалықтардың қару-жарақтарының арасында оқпен атылатын шойын зеңбіректер бар екен. Қыпшақтарда әзірге қару мен зеңбірек аз, бірақ керме садағының жебелері алысқа әрі дөп тиеді... Оның үстіне, бүкіл әскерге зеңбірек құйып, қару соғып беру үшін көптеген қорытпа пештері мен ұсталары бар үлкен қала салу қажет. Мұндай қалалар халық арасында Бату атанып кеткен Сайын ханның түмендері барған ақырғы Кәріптас теңізінің арғы жағында көрінеді...

Сол алыс жерлер әрқашан қауіп төндіруші еді. Кеуделерінде крестері бар салт аттылар орыс және қыпшақ батырларының тұтқынына талай түскен... Тоқтамыс өз халқының он жылдан кейінгі тағдырын түсінде көрген Майқы би туралы аңызды есіне түсірді. Ұлы Алтын Орда ханын болашақта не күтіп тұрғанын және оның халқының тағдыры қалай қалыптасарын айтып беретін сәуегейді қайдан табуға болады?

Кеше Мәскеудің ұлы князі Дмитрий Ивановичтен елші келді. Елшілер өзін хан деп жариялаған Мамайдың литвалықтармен және поляктармен одаққа бірігіп, Руське шабуылдауға дайын екендігін хабарлады.

Киев литвалықтардың билігінде еді. Ал Мәскеу мен солтүстіктегі өзге қалалар әлі күнге Алтын Орданың қорғауында болатын.

Князь Дмитрий Иванович Мамай алдын ала жіберген литва князі Бегичтің шағын әскерін талқандады. Енді, литвалықтардың бұл жеңілісіне, жыл сайын алым-салық төлегісі келмей бағынуды қаламаған Мәскеу, Новгород, Псков князьдіктерінің қыңырлығына ашуланған Мамай үлкен әскер жинап, Мәскеуге қарай қозғалды. Қазір ол Донның маңайында. Киев жақтан тағы бір князь – Бегич пен Витовттың ағасы Ягайло да Мәскеуге бет алған екен.

Орыстың елшісі осының барлығын көз жасын төге отырып баяндады. Сосын ханның шешімін күтіп, бас иді.

Қазір Тоқтамыстың орыстарды қорғау үшін үлкен әскерімен Мамайға қарсы аттануға шамасы жететін. Бірақ, жаз жақында басталып, жылқылар шабындыққа енді бас қойған мезгіл-тін. Күзгі салым кез болса, әңгіме басқа... Бірақ, Мәскеуді Рим папасының қолдауындағы католиктердің: поляктардың, венециандықтардың, генуялықтардың кезекті шабуылынан қазір қорғау қажет...

Тоқтамыс елшіге:

– Тұр! – деді қаһарлана. – Мен шешім қабылдадым!..

Өз құлағына өзі сенбеген елші көз жасын сүртіп жатып, қолына бөрігін ұстаған қалпы ақ кілемнен жылдам көтерілді.



– Әкемнің досы, князь Дмитрий Ивановичке Мамаймен және Ягайломен шайқаспайтынымды жеткіз. Көмекке түменді – Кенжебайдың он мыңдық жауынгерін жібермін. Кенжебай – жақсы жауынгер. Мамайды өздерің талқандайсыңдар...

Елші ризашылығын білдіре иіліп, қыпшақ тілінде:

– Хан, сенің даналығыңда шек жоқ! Өзіңе Жаратқан ием жар болсын! – деп айқайлап жіберді.

Орыс елшісі таңертең осы жаңалықпен еліне аттанды. Ол Мәскеу князі Дмитрийге жақсы үйретілген, ұрысшайқастарда сыннан өткен жауынгерлер жасағы көмекке келе жатқанын хабарлауға асықты.

Тоқтамыс ішінен: «Мамай мен Дмитрий маған десе бір-бірін түтіп жесін, сосын екеуін де біржолата өзім талқандап тастаймын...» – деп ойлады.

Хан қаумалаған қошеметшілерімен шатырынан тысқа шыққанда күн батуға айналған. Халықтың көптігі соншалық, көкжиекпен астасып кеткендей... Олардың саны қанша? Он түмен бе? Жиырма ма?

Палуандар сайысы аяқталып, бәйге басталды. Ұлы Еділдің жағасындағы шағын төбеде тұрған ханның жүрегі әлденені сезгендей, шым ете қалды. Салт аттылар, бәйгеге қатысушылар бірінен кейін бірі қызарып батқан дөңгелек күн көрінген көкжиекке қарай шауып бара жатты. Кенет Тоқтамыс олардың осы бір қызыл шардың аясында астарындағы атпен бірігіп, біртұтас денеге айналғанын көрді. Батып бара жатқан қып-қызыл күннің сәулесімен салт аттылар қиял-ғажайып хайуанды еске түсірді.

«Батысқа!.. – деді хан естілер-естілмес. – Мамайды талқандау үшін Батысқа аттану қажет!» Бұл әбден дұрыс ой еді. Бірақ, артынша тағы бір ой келді: «Темірдің көзін жою үшін Кавказға барған жөн!.. Алтын Орда ханы сол кезде ғана тыныш ұйықтайды... Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды... Батысқа!.. Мамайдан бастаймыз!»

Келесі күні Кенжебай басқарған түмен Мәскеу князі Дмитрий Ивановичке көмекке жүріп кетті. Орыстар Мамайды талқандаған бұл шайқас – Куликов шайқасы еді.

Тоқтамыс өзі жоспарлағанындай, Куликов шайқасынан кейін бірнеше айдан соң, Еділден Қырымға дейінгі үлкен аумақты иеленген даңғаза Мамай ханға қарсы жорыққа аттанды. Тоқтамыс пен Мамайдың әскерлері үш рет бет-бет келді. Сөйтті де, ордалықтар ордалықтарды өлтірді. Тоқтамыс үш шайқаста да қиналмастан жеңіске жетті.

Түркілердің қият руынан шыққан Мамай Шыңғыс ханның ұрпағы болмағандықтан, хан болуға құқығы жоқ жалған атақты иеленген хан саналды. Осыған қарамастан, ол Еділ мен Қырым хандығына келген соң, Русьтен Алтын Орда билеушілері секілді жыл сайын алым-салық төлеуді талап етті. Алайда, бұл кезде Алтын Орда ханының тағында Тоқтамыс отырған...

Тоқтамыс үш шайқаста да Мамайды талқандап, Алтын Ордаға Еділ мен Қырым хандығын қайтарды... Осыдан кейін ол тәртіпсіздік кезінде шайқалған мемлекеттік құрылымды қалпына келтірумен айналысты. Жау тарапында соғысқан барлық сарбаздарды кешіріп, өткен істері үшін айыптамады және өз қарамағына алды. Мамайдың арбауына түсіп, адасқан отандастарына қайырымдылық танытты.

Бірнеше аптадан кейін Мамайдың генуялықтардың қолынан мерт болғаны туралы хабар жетті... Мамай кезінде Жәнібек ханға қараған рулардың басым бөлігін өзіне бағындырған еді. Енді бұл рулар Еділдің жағасына қайтарылды.

Алтын Орданың астанасы – Берке Сарайы қаласында Сайын ханның (Бату хан есімімен белгілі) орнына ұлы патша болып Тоқтамыстың отырғанын Ұлы Даладағы бүкіл халық білді.

Жаңа хан ақылға салып, халыққа өзінің жомарттығын көрсетпек болды. Мамайға қарсы жорықта тартып алынған барлық олжаны екі бірдей бөлікке бөлді. Біріншісін жаңа түмендерді жасақтауға жұмсады, екіншісін тақ жолындағы күресте көмектескендерге таратып берді. Халық Тоқтамыстың атын әділетті әрі қайырымды хан ретінде құрметпен айтып жүрді. Оның қызметін атақты да сыйлы хандар Жәнібек пен Бердібектің қызметімен



салыстырды және билікке Алтын Орданың босаңсыған қуатын шайқалтпайтын ханның келгеніне қуанды.

Бектер мен батырлар ерікті-еріксіз астанаға келіп, Тоқтамысқа бас иіп, оның нөкерлеріне айналды. Ал Мамай ханның жағына шыққан көптеген батырлар Тоқтамыстан рақымшылық сұрап, ру-руларымен Ордаға келіп жатты. Хан олардың барлығын кешіріп, қызметке алды. Әскерін мықты, тәжірибелі жауынгерлермен толықтырды.

Тоқтамысқа қайырымсыз туысы Қанбай келіп қосылды. Ханның алдында тізерлеп, жалбарынып кешірім сұрады:

– О, Ұлы хан ием! Тоқым хан, кешіре гөр, ақымақтығым үшін дарға аспа, әйелдерім мен балаларымды есірке! Бұдан былай саған адал қызмет етемін, кез келген тілегінді орындауға дайынмын!

Тоқтамыс алдындағы адамды әрең есіне түсіріп, күліп жіберді де, ештеңе деместен шатырдан шығып кетті...

Еденде сұлап жатқан Қанбай не істерін білмеді. Ханның нөкерлері басына қылыштың жүзін төндірмей тұрып орнынан тұрып, қашу керек шығар? Әлде, ажалын күтіп, жата бергені дұрыс па... Қанбай Алтын Орда ханының бос қалған тағының алдындағы парсы кілемде басын жоғары көтермеген қалпы, қозғалыссыз ұзақ жатты... Тек кешке қарай сарай уәзірі келіп, оған ханның жарлығын жеткізді.

– Көкедейге аттан! – деді уәзір Қанбайға әміршісі секілді кеңесінмен күліп...

Тоқтамыс Қанбайға Тац өзенінің шабындығы нашар тастақты сайына қоныстануды бұйырды. Бұл бұрын Қанбайдың өзіне – Маңғыстау әмірінің баласына берген жері болатын.

Тоқтамыс өзінің қарапайым батырдан ірі мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілуіне көмектескен жарылқаушысы Араб оғланмен әрдайым жүздесіп тұруды әдетке айналдырды. Оған Еділдің оң қанатынан қоныс беріп, жанына орналастырды және ат жарыс, палуандар сайысын ұйымдастырып, ән-жырмен салтанатты үлкен той жасады.

Сол тойда кезінде Тоқтамысты менсінбеген Қанбайды мазақ қылған қарапайым халық былай деп әндетті:

*Сен Көкедейде хан болдың,
Көп дүрмекті келтірдің,
Көкірегіңді кептірдің,
Біз саған көп тоңқайып бас ұрдық,
Артымыздан неге келдің, Қанбай?*

Тоқтамыс Араб оғланға көп жақсылық жасады, сыйсияпат беріп: «Қайда болсаң, да әрдайым сенің қол астыңа Шайбан ханға бағынған барлық халық, қожайынынан безген құл, бабамыз Шыңғыс ханның Ұлы жасағында жазылған заңнан қашқан ел жиналсын!» – деп бұйырды.

Араб оғлан Тоқтамыстың құрметін қабылдап:

– Ұлы хан, сәттілік пен бақыт қашанда серігің болсын! – деп басын иді.

Міне, бұрын Алтын Ордаға қараған жерлер тағы бір қолдың астына жиылды. Бату ханның ұрпақтарына бір замандағы қуат қайта оралғандай көрінді. Дегенмен, жағдай олай емес еді.



Өртелген Мәскеу

Ол бір 1383 жылдың жазы ерекше ыстық болды. Тоқтамыс шеберлер қызыл ағаштан ойып жасаған биік алтын тақта иісі аңқыған салқын қымыз ішіп отырған... Еденге төселген кілемге кеңесші-уәзірлер жайғасты. Сырттай қарағанда олардың жиынын ақындардың, даналардың, жұлдыз санаушылардың кезекті бас қосуы дерсің. Бірақ, алып империяның түкпір-түкпірінен ағылып жатқан үрейлі хабарлар оларды ойға батырды.

Шыңғыс хан Хорезмді Жошы ұрпақтарына мұраға қалдырған. Сондықтан, қала Жошы ұлысының құрамына кіретін. Бірақ, Хорезмді Ақсақ Темір басып алды. Ол аздай қарсылық көрсеткені үшін қаланы өртеп, жермен-жексен етуді бұйырды. Енді оның орнына тары екпек. Ақсақ Темір біраз адамды дарға асты. Хорезмді қайтаруға, Жетісуды қорғауға, одақтас Мәскеуді поляктардан, генуялықтар мен литвалықтардан тартып алуға керекті күшті қайдан алмақ?

Осы сәтте Тоқтамыстың есіне өткен жылы досы Кенжебай қатысқан Мәскеу мен мәскеуліктердің ұятқа қалған оқиғасы түсіп, күліп жіберді. Мәскеудің ақылды әрі көреген князі Дмитрий Иванович моңғолдар жиі қолданатын айлакер тәсілдің арқасында Мамайды талқандады емес пе? Яғни, ол шешуші сәтте шауып келіп, орыстарға жеңіс әкелген атты жасақты торуылда қалдырды. Мамай Алтын Орданың заңды ханы Тоқтамысқа бағынғысы келмеді. Тіпті Русь жыл сайын Ордаға төлейтін алым-салықтан дәмелі болды. Бірақ Мәскеу князі алым-салық төлеуден бас тартып, өзінің одақтасы Мамай емес, Тоқтамыс екендігін айтқанда, Еділдің жалған атақты ханы Мәскеуге бет алды. Ол бүкіл Польша, Киев





пен Ақ Русьті иеленген Рязань князі Олег пен литва князі Ягайлоны көмекке шақырды.

Өз кезегінде Дмитрий Иванович Тоқтамыстан, Суздаль, Новгород князьдерінен көмек сұрады. Куликов шайқасында ордалық-түркілер түркілерге, орыстар орыстарға, белорустарға, генуялықтар мен поляктарға қарсы соғысты. Литва князі Ягайлоны православ христиандар мен моңғолдарға қарсы он төртінші немесе он бесінші рет крест жорығын ашқан католиктік Еуропа қолдады. Александр Невский туысы Сартақпен (Батудың ұлы) бірге крестшілердің Русьтің солтүстігіне жасаған шабуылына тойтарыс берді. Бұл жорық католик шіркеуінің православтық Руське жасаған тоғызыншы крест жорығы болатын.

Орыстар, алдымен, шайқасқа бір күн кешігіп жеткен Ягайлоны адастырған соң, Мамайды алдап, әскербасы Боброктың торуыл полкымен Алтын Орда әскерін түпкілікті талқандады. Сондықтан, сол бір қанқұйлы шайқасқа қатысқан алтынордалықтар осы шайқасты «Қулық айқасы» деп атап кетті (Орыстың, Тверь мен Суздальдың алғыр жауынгерлері оны тез арада «Куликов шайқасы» деп ауыстырды)...

Куликов шайқасынан соң екі жылдан кейін «Мамай қырғыны» басталды.

Сонымен, Тоқтамыстың жасақтары Мамайды Қырымда мекендеген жерінен қуып, талқандап жатқанда, кешегі одақтас мәскеуліктер, неге екені белгісіз, литва князі Ягайлоның оң қолы, Киев митрополиті Киприанды жеті төбеде орналасқан қаласына шақырды... Ол не үшін қажет болды екен? Өздерінің әулие әкейлері аздық етті ме?.. Бұл туралы Тоқтамысқа Суздаль князінен келген шабарман «Кеше Мамайды шайқаста талқандаған Мәскеу князьдері енді литва князі Ягайломен және Рязань князі Олегпен Тоқтамысқа қарсы ымыраға келуге талпынуда...» деген қызық жағдайдың орын алғанын хабарлады. Алайда, Рязань князі Олег Куликов шайқасының алдында Мамайдың жағында болған. Демек, қастандықтың болуы орынды еді.

Алдымен, Тоқтамыс осы бір қисынсыз құпия хабарға сенбеді. Бірақ, ойлана келе, көз жеткізу үшін Мәскеуге жорыққа аттанды...

Жасақтары атқа қонып, әскер Еділден өтті... Үлкен өзенде жүзіп бара жатқан көпестердің кемелерін байқаған Тоқтамыс өз әскерінің Руське кетіп бара жатқанын хабарлап үлгермесін деген оймен оларды қолға түсірді. Тоқтамыстың жолсеріктері – Суздаль князьдері...

Тоқтамыстың атты әскері жүксіз шоқырақтап* келе жатты. Әскер Рязань жерін оңтүстік жағынан айналып өтіп, Окаға шықты. Рязань князі Олег өз жағдайының мүшкілдігін түсініп, шағын жасағымен Тоқтамыстың ордасына келіп, кешірім сұрады және енді ренжімесін деген оймен атты әскер оңай кесіп өтетін жазық өзендердегі өткелді көрсетіп берді. Тоқтамыс сансыз қолымен Мәскеуге аттанды. 1382 жылы 12 тамызда қалаға таяды. Ол заманда Мәскеу үлкендігі жағынан Ежелгі Русьте үшінші орынды алатын шағын қала болатын.

Мәскеудің ұлы князі, кешегі одақтасы Дмитрий Донской «әскер жинаймын» деген желеумен ханның жазасынан аулаққа Переяславльге, ол жерден Костромаға қашып кетті. Суздаль және Новгород князьдерінің Орданы Руське кезекті рет қарсы қойған жауыз қастығын талқылау ешкімнің ойында жоқ еді. Барлығы тағдырдың тәлкегіне қаратылды... Кеше ғана Мамайға қарсы бірге шайқасып еді, енді бір-бірімен текетіреспек...

Мәскеуге орныққан Киприан митрополит Тоқтамыстың Мәскеудің түбіне келу себебі өзіне байланысты екендігін түсініп, қаланы тастай қашты. Арбасымен қала қабырғаларының аумағынан шыққан олар жергілікті қарақшылардың назарына ілікті. Қарақшылар әулие әкеймен оның отбасын тонап, өзін өлтіре жаздады...

Мәскеу қорғанысына жетекшілік ететін жан қалмады. Қарапайым халық, қолөнершілер мен жасақтар қамал қабырғаларында тұрып, Мәскеу өзенінен өтіп жатқан Орданың түйдек-түйдек, түмен-түмен атты әскерін әуестікпен бақылады... Ендігі бар үміт Мәскеудің айналасындағы болашақ зеңбіректерге ұқсас «тюфяктар» – алысқа тие-

*Шоқырақ – аттың жай жүрістен гөрі ширақ, тез шоқытқан жүрісі, текірек.

тін атқыш қарулар (арбалет) орналастырылған қамал қабырғаларында еді.

Қамалда су мен тағам жеткілікті болатын. Ордалықтар Мәскеуге таяды. Кезінде Мамайдың Еділ Ордасын талқандаған Куликов шайқасының батырлары қайда кеткен? Мүмкін, олар туған ауылдарында тынығып жатқан шығар. Мәскеуді үй шаруасындағы көптеген қызметшілері бар аздаған боярлар мен Мәскеу әмірлерінің қолөнершілері мекендеген. Бұлар ұрыс әрекеттері үшін жарамсыз және әскери тәртіп туралы хабарсыз. Есесіне, олардың кембағал санасында тонау мен бетімен кетушілік, толық жауапсыздық басым болатын...

Мәскеудің қарапайым халқы қамал қорғанысын ұйымдастырудың орнына, шала бүлініп, боярларды тонау үшін қолдарына қару алды...

Тоқтамыс бірден шабуылдамай, бірнеше күн күтті. Сол уақытта қолдарына қару алған Мәскеу тұрғындарынан құралған жасақтар жүгенсіздікті бастады. Олар боярлардың шарап пен тағам жасырылған қоймаларын тонады. Қырсық шалғанда, осындай күндердің бірінде славяндардың маскүнемдердің құдайы мен Сварога сотқардың құрметіне арналған ежелгі мерекесі басталды. Қаланың болашақ қорғаушылары қала қамалының түбінде Алтын Орда ханының әскері тұрғанына қарамастан, маскүнемдікке салынып, төбелесті. Қызып алған қорғаушылар қамал қабырғаларының үстіне шығып, ордалықтарға теріс қарап, шалбарларын шешіп, ызаландырды...

Осы кезде Тоқтамыс тағы да күліп жіберді... Ол қаланы шабуылдамады. Хан ұлы князь Дмитрий Суздальскийдің ұлдары Нижегород князьдері Василий мен Семенға мәскеуліктермен келіссөз жүргізуді бұйырды...

Мейрамның құрметіне ішімдікке тойып алған Нижегород князьдері де қаланың қабырғасына таяп келіп, қақпаны ашсын деген оймен өз туыстарын айғайлап шақыра бастады...

– Тоқтамыс хан сендерге, қарапайым қалалықтарға кек сақтамайды! Ол өзін сатқан князьдерді жазаламақ! – деп дауыстады елшілер. – Біз бар болғаны елшілерміз,

Мәскеумен бейбітшілік жасасуды ғана қалаймыз! Қақпаны ашыңдар! Елшілікті кіргізіңдер...

Осы уақытта Мәскеудің ұлы князі Дмитрий Иванович Донскойдың бітіспес жаулары Василий мен Семен князьдер, әкелері Дмитрий Суздальский ханның сөзінде тұратынын білдіріп, кеуделеріндегі крестерін сүйе бастады... Мақсаттары – қалай болғанда да қалаға кіру. Ары қарай аталары айтпақшы: «Соғыс әрекеті жоспарының қалай боларын соғыс көрсетеді!»

Қақпалардың ашылуы бәрін таң қалдырды. Нижегород пен Суздаль елшілері ішке енді. Елшілердің соңынан Тоқтамыстың салт аттылары кірді. Қақпалар айқара ашылған күйде қалып, Алтын Орданың әскері қалаға лап берді... Ағаш қаланың мас қорғаушыларымен ұрыс кешқұрым аяқталды: көптеген бейбіт адамдар мерт болды, теңдессіз қолжазбалар сақталған шіркеулер өртелді.

Мағынасыз шапқыншылық осылай аяқталды.

Рязань жері арқылы кері қайтқан Тоқтамыстың әскері егістіктерді таптап, ағаштан салынған шағын қалаларды тонады. Суздаль мен Новгород князьдерінің Дмитрий Донскойдың өздеріне үстемдік жүргізбек болғаны үшін кек алуына Мәскеу мен Рязань төледі...

...Еділдің үстіндегі кешкі аптап басылмай тұрған. Тоқтамыс аяғын арықтың салқын суына салып, ағаш тостағаннан қышқылтым қымызды сораптап отыр.

Алтын Орда үлкен, халқының саны да көп. Тоқым хан (билер мен батырлар осылай атаған) қалағанының бәрін жасай алады. Ұлы жыршы, данагөй Сыпыра жыраудың сәуегейлігі орындалды. Бірақ, ханның көңілін үрей билейтін кездер көп. Мейірімсіз Ақсақ Темір құтырынып, Орданың оңтүстіктегі әскери бөлімдерін талқандап, қалаларды отқа орап, күлге айналдыруда. Ол аздай, қалаларды бірінен кейін бірін басып алып жатыр. Хорезм әмірлігінің астанасы Үргеніш тізе бүгіп, жер бетінен жоғалды. Темір қаланың орнына тары егуді бұйырды...

Осы бір бақытсыздықтың куәсі болған – Сайф Сарай ақын. Ол Темірдің жауынгерлерінің кек алуынан Үргеніш-

тен Тоқтамысқа қашқан. Қала тұрғындарының өлімі туралы ақын былай деп жылап баяндаған:

*Үргенішті әскермен Темір шапты,
Қатты азаптап халықты көп сорлатты,
Құлақ тұнып, көз жасы көл боп ақты.
Ғалым мен даналарды шаң бөктіріп,
Қылыштың жүзіменен қанын шашты,
Адам қаны көшені жуып кетті.
Диқандардың үйлерін бидай сепкен
Қиратуды бұйырды, отқа өртетті,
Астық өсіп, жайқалған алқаптарды
Жермен-жексен талқандап тегістетті...*

Сайф Тоқтамыс ханның қамқорлығында, Сарай қаласында қалуды қаламады. Ол Мысыр еліне алыс сапарға аттанды. Ондағы билікте ақынның туыстары қыпшақтардан шыққан мәмлүктер отырған. Тоқтамыс Сайфтың қолына Мысырдың әміріне ақынды қамқорлығына алып, қайырымдылық көрсетуді сұраған хатын ұстатты.

Қанқұйлы Темір Шыңғыстың ұрпағын жоюды тіледі. Енді оның жолын Алтын Орда тағындағы өзінің тәрбиеленушісі және қолшоқпары Тоқтамыс хан кес-кестеді. Бірақ, Тоқтамыс бұрынғыдай өзін-өзі қорғауға дәрменсіз бозбала емес. Ордаға тойымсыз әрі жексұрын Ақсақ Темірдің сансыз жасағы оңтүстіктен ұлы Еділ өзеніне келе жатқаны туралы қаралы хабармен шабармандар келе жатты. Мұны Тоқтамыстың іші сезген. Алтын Орданың астанасы Берке Сарайы Еділдің жағасында орналасты.

Тоқтамыс хан кекесінмен күлді. «Темір менің Мамайдың әскерін талқандаған айбынды әрі қисапсыз атты әскеріме қарсы не істей алар дейсің?» Егер қажет болса, Алтын Орда Темірмен шайқасқа жарты миллион, бәлкім, одан да көп салт аттыларды жинайды... Ханға бұл туралы уәзір-кеңесшілері айтып отыратын. Олар Ұлы Даланың түкпір-түкпіріне шабармандар жіберіп, туыстас ру-тайпаларды Темірмен шайқасқа шақырды.



Хан кеңесшілерінің бірде-бірі бір тарихи дәуірдің екіншісін алмастырып, патшалықтың күйреп, әулеттердің жойылатынын, мемлекеттің ішінде қазірдің өзінде шынайы оқиғалардың ағымына әсер ететін әлеуметтік және экономикалық өзгерістер басталғанын білген жоқ. Еуропада бұл кезде болашағы көп баспа станогы, оқ-дәрі, оқпен атылатын қару, зеңбірек, қысқа мойынды зеңбірек, мылтық, тапанша секілді заттар дүниеге келді...

Ақсақ Мемірмен айқас

Еонымен, Мамайды жеңіп, Суздаль, Новгород, Нижегород, Рязань, Мәскеу князьдерінің арасындағы дау-жанжалда аралық сот қызметін атқарып, Русьті алым-салық төлеуді жалғастыруға мәжбүрлеген Тоқтамыс Алтын Орданың қуатты ханына айналды. Оның байлық, даңқ, билік туралы барлық арманы орындалды (Алтыны сансыз, билігі шексіз болғаны сонша, атан түйе де көтере алмайтын). Әлемде осыншама аумақты және осыншама көп халқы бар басқа билеуші болмаған шығар...

Бірақ, өмір мінсіз емес. Жаратушы әлемді, ондағы мансапқор және аңғал адамдарды үнемі сынау үшін жаратты. Тоқтамыста не керектің бәрі болды: сегіз сұлу әйелі, ақылды әрі әкесін құрметтейтін ұлдары. Ол, әсіресе, үлкен ұлы, ержүрек жауынгер Жәлел әд-Динді ерекше жақсы көрді. Бұрынғы Маңғыстау ханзадасы осындай құдірет, атақ-құрмет туралы армандап па еді?

Тоқтамыстың туған жері – Маңғыстау. Анасы әлі күнге сонда тұрады. Таулары мен жазықтары әлемдік тарих ай-



налымына енген осы бір туған жері, кіндік қаны тамған ханзадасын, ардақты ұлын асыға күтуде.

Енді Тоқтамыстың басты қарсыласы кешегі жебеушісі әрі досы Темір сұлтан (Темірлан – Әмір Темір немесе орыс, грузин, қыпшақ, армян шежірешілері мен сол заманғы кітаптарда аталғандай Ақсақ Темір) еді.

Он жыл бұрын Орыс хан мен оның мұрагерлерімен шайқасып, жеңуге бірнеше жасақ берген Мәуереннахрдың әмірі Ақсақ Темір енді Тоқтамыстың жауына айналды... Ақсақ Темір ежелгі қалалар Тараз, Баласағұн мен Қашқарды талқандап, Жетісуға жеті рет шабуыл жасады. Оның жасақтары Алтайға дейін барды. Бірақ, шығыстағы жерлердің шексіздігіне көз жеткізген соң, кері бұрылды. Бүкіл әлемді бір билеушінің жаулап алуы мүмкін емес. Халықтар мен елдердің Жерге ғана тиесілі болатыны секілді, Жер де көптеген халықтарға тиесілі... Әлемді жаулау бекер нәрсе.

Руластарын Темірден Тоқтамыстан басқа кім қорғамақ?

Ақсақ Темір жеңілгендерге мейірімсіз болуымен қатар, күнделікті өмірдегі нашар мінезімен ерекшеленді. Оның Тоқтамыспен жанжалына Тоқтамыстың Алтын Орданың тағына отырғаннан кейін бабасы Жошының ұлысына қараған жерлерді қайтарып, қалпына келтіру туралы шешімі ғана түрткі болған жоқ. Мәселе Темірдің өзін әлемнің әміршісімін деп есептейтін ұстамсыздығында еді. Әмірге алдында кімнің тұрғаны, мейлі ол қарапайым адам не орасан билікке ие өзге халықтың ханы болсын, бәрібір еді. Себебі, одан жоғары ешкім жоқ... Олай болмаса, неліктен Темір соншама адамның қанын судай ағызды?

Елдерді жаулауда моңғол қағанынан кем түспеген Әмір Темір Шыңғыс ханның ұрпақтарына күншілдікпен қарап, жек көрді! Шыңғыс ұрпағының ең болмағанда біреуінің көзі тірі тұрғанда, өзін заң бойынша хан болмаса патша деп атай алмайтынына қатты ашуланды... Бұл атақты одан Шыңғыс ханның ұрпақтары тартып алды... Сондықтан Ұлы қолбасшы – Шыңғыс хан ұрпақтарын бірінен кейін бірін қырды. Міне, Темір ажалдан арашалап

қалған солардың бірі – Тоқтамыстың беделі артқаны сонша, Темір жаулап алған Ходжент, Үргеніш, Самарқанд қалаларында алтын, күміс, мыстан Темірдің бейнесі емес, өзі бейнеленген ақшаларды соғу туралы бұйрық берді. Не деген арсыздық! Кезінде Темір шексіз билігін пайдаланып, Шыңғыстың ұрпақтарын қаншама мемлекеттердің, аймақтар мен қалалардың билеушілері етіп тағайындады. Бірақ, өзі моңғолдар хандарының ең нашар, ең әлсіз ұрпағына берілген құрмет пен артықшылықтарға ие бола алмады. Ол көзінің тірісінде қаншама патшаларды, сұлтандар мен әмірлерді қырды десеңші?.. Өте көп...

Ақсақ Темір Жетісудың қайсар тұрғындарына жеті рет шабуылдады. Бұл осы бір берекелі жердегі өзендердің санына тең. Ол заманда аталмыш ел Моғолстан деп аталып, әмірі Қамар әд-Дин болатын. Темір өз иелігіне Ыстықкөлмен қосып Тянь-Шань үстіртін біріктірмек болды. Темірдің әскері Іле мен Шарын өзендеріне дейін барып, жол-жөнекей бас имейтін түркі руларымен шайқасты. Оларға кім ара түсіп, шапқыншылық пен тонаудан қорғайды? Әрине, түркі және моңғол халықтарының орталығы Алтын Орданың қожайыны. Сол Алтын Орданың ханы – Тоқтамыс.

Бір қызығы, Тоқтамыс бақытсыздыққа ұшырағандарды қорғау ниетінің кесірінен еріксіз Темірдің жауына айналды... Өз адамдарын қорғаймын деп жүріп, сатқын, тіпті ант бұзушы есептелген кездері де болды. Яғни, Алтын Орда әміршісі – Тоқтамыс билікпен қатар, Шыңғыс хан мұрагерлерінің басындағы барлық ауыртпалықты өз мойнына алды... Бұл аз ауыртпалық емес еді...

Қондыршыдағы шайқас

Қондыршы (Кондурча) – Самараның маңында баяу ағып жатқан шағын өзеннің атауы. Еділдің солтүстік салаларының бірі ғана. Осы Қондыршы түбіндегі шайқаста Тоқтамыс үлкен үміт артқан Алтын Орданың тамаша жасақталған әскері Темір әскерлерінен жеңіліп қалған еді. Қондыршыдағы шайқасқа көптеген басқа оқиғалар алғышарт болды. Алдымен, Тоқтамыс Тебризге жорық жасап, жаулап алды. Артынша-ақ, Дағыстанға аттанды. Осында Темірдің ұлы Мираншах қолбасшылық еткен әскермен бірінші қақтығыс өтті. Алтын Орданың он түмені талқандалды... Темірдің өзі негізгі әскерімен Ирандағы соғысты жалғастырды... Бұл 1385 жыл еді.

Тоқтамыс жаңа қол жинап, Темірдің өзі жоқта Мәуереннахрды шабуылдамақ болды. Бұл жерде әмірдің тағы бір баласы Омаршейхпен шайқасты. Ежелгі Отырардың қираған орнының маңында өткен шайқаста ордалықтар жеңіске жетті. Жеңіспен жігерленген Тоқтамыс Самарқанд пен Бұхараны жаулап алуды қалады. Бірақ, Самарқандқа таяғанда, қала қамалының мықтап бекіндірілгенін көрді. Сондықтан, оны қоршауға алмастан, кері қайтты.

1388 жылы Тоқтамыс Темірге қарсы жорығын қайта жалғастырды. Үржікзернук шатқалында оның үлкен әскері мен Самарқандтағы Темір басқарған Мәуереннахрдың шағын әскері бетпе-бет келді. Тоқтамыс Темірді осыншалық аз күшпен шабуылдайды деп күтпеген. Темірдің нөкерлері Тоқтамысқа бас салып, қысқа әрі қанқұйлы шайқаста талқандап тастады. Оның атты әскері енді ғана шауып келе жатқан. Шайқастың соңында Темірдің ұлдары басқарған негізгі күш жетіп, Тоқтамысты түпкілікті талқандады.

Тоқтамыс соғыста сәттілік әкелмеген рақымсыз тағдырына лағынет айтып, қашып кетті.

1391 жылы Темір үлкен қолмен Тоқтамысқа қарсы жорыққа аттанды.

Ұлы Дала халқымен соғысу да өнер. Шексіз кеңістік ең үлкен деген әскердің өзін жұтып жібере алады. Ежелде осы бір жазық далада Мидий және парсы патшалары Кир мен Дарийдің, ұлы Александр Македонскийдің әскерлері жеңіліс тапқан... Темірдің көптеген елдерді жаулаған ұлы қолбасшы болуы кездейсоқ жағдай емес еді. Ол әскері жүріп өтетін жердің ауа райының ерекшеліктері мен табиғатын ескерді. Оның әскері жол бойы сайлар мен шұңқырлардан көктемгі жылымықпен еріген суды тауып, аттарын көк шөппен жемдеп, солтүстікке қарай жылжыды. Темір әскері төрт айдың ішінде Тобыл мен Ембінің арасындағы тақыр даланы ешқандай шығынсыз жүріп өтті. Жауынгерлер азық-түлік қорлары таусылғанда, сайын далада жосып жүретін бұғы, киік, бұлан секілді аңдарды қаумалап ұстады.

Темір әскері Жайықтың (Орал) жоғарғы бастауынан жедел жүріп өтіп, қарсылық кездестірмеген соң, Каманың саласына келді... Осы арада Темір Тоқтамыстың жорық туралы ұзақ уақыт ештеңе білмегені және енді ғана шұғыл түмен жинауға кіріскені жөнінде хабар алды. Жорықты қыстың соңында бастаған Темір мен оның әскері 1391 жылы сәуірде Алтын Орданың батыс аудандарына келіп жетті. Темір тау тізбегіне таяғанда, жартастардың біріне: «Тұранның сұлтаны Темір екі жүз мыңдық әскерімен Тоқтамыс ханның қаны үшін жүріп өтті»,* – деген сөздерді ойып жазуды бұйырды.

Тоқтамыстың әскері мықты болатын. Қазір Алтын Орданың билеушісі қажет кезде өз туының астына екі жүз мың жауынгерді біріктіре алатын. Бірақ, бұған қажеттілік жоқ. Далалықтар Темірдің әскерінен елу мың адамға көп, бұдан артық не керек... Бірақ, Әмір Темірмен шайқасқан сан жағынан басымдыққа сүйеніп, ешбір жау оңай жеңістен

**Бұл жазу Ақтөбе облысының қазіргі Қарсақбай кеніші орналасқан ауданнан XX ғасырдың отызыншы жылдары табылды; жазулы тас Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы.*



үміттен алмайтын. Көбіне жеңіліске ұшырайтын. Себебі, Әмір Темір бір рет қолданған әскери тактикасын қайталамайтын. Ол әрбір шайқасқа жылдар бұрын дайындалып, өзіне тиімді ұрыс даласын таңдап алатын.

Екі алып әскер екі ай бойы шөптерді таптап, жайылым мен орманды жерлерді қаңыратып, шексіз далада шайқасты. Оңтүстік Оралдағы көптеген өзен өткелдерін жасақтар мен түмендер (он мың салт аттыдан құралған атты әскер) кесіп өтті. 1391 жылы тамызда екі жақ Қондыршы өзенінде бір-бірімен бетпе-бет кездесті... Енді шайқастың болары анық.

Темір тамаша стратегиялық санаға ие, ұсақ-түйектерге үлкен мән беретін, соғысты басқара білетін айлакер әрі епті, дана қолбасшы болатын. Міне, жазық даладағы екі өзеннің арасында соғысуға құмартқан екі әскер бір-біріне қарама-қарсы тоқтады. Тоқтамысқа онсыз да үлкен әскерді толықтырып, түрлі рулардан жаңа жасақтар келіп жатты. Бірақ, Ақсақ Темір өз қатарының кемігенін сезбеді. Оның бұрын диқаншылықпен айналысқан жауынгерлері жарты жылға созылған жорықта даланың жағдайына бейімделіп қалған. Әрқайсысының жетегінде бір немесе екі аттан бар. Азық-түлік те жеткілікті. Олар жүріп өткен дала мен орманды жерлерде жабайы құс, аң мен балық жеткілікті...

Тоқтамыстың қателігі – ұрыс даласын дұрыс таңдамауында. Шайқас кезінде оның әскері өзеннің жағасына қарай тықсырылып, тиісті дәрежеде маневр жасай алмады.

Темір әскерін санына қарамастан, жеті бірдей бөлікке бөлді. Жеті бөлімшенің өзара әрекеті, ұтқырлығы әскери сәттілік әкелетін. Осыны білген Тоқтамыс та қолын жеті бөлікке бөлді. Бірақ, бұл оның әскерінің түбіне жетті. Қырық және елу мыңнан бөлініп шайқасқан жауынгерлер корпусының арасында тиісті байланыс болмады. Олардың әрқайсысы жергілікті ұрыста емес, шайқаста жеке-дара жеңіске жетуге тырысып, өздігінше әрекет етті...

Шайқас басталарда ақ киімге оранған діндар адам Әмір Темір әскерінің алдына шығып, сөз сөйледі. Ол тірі әруақ секілді барлық құдіреттерді Темір әскерінің далалықтарды жеңуіне көмектесуге шақырып, жалбарына бастады.

Көшпенділердің де өз бақсылары, шамандары бар. Бірақ, олардың бірін жаяу сарбаздар мен көптеген салт аттыларды ерлік жасауға жігерлендіру үшін әскердің алдына шығару ең ақымақ деген жүзбасының ойына келмес еді. Ақсақ Темір осы әдісті сәтті қолданды. Оның сиқыршысы дуасымен Тоқтамыс әскерінің басын айналдырды...

Темір әскерінің орталығында оның ержүрек жаяу әскері тұрды. Олар Александр Македонскийдің қапталдары* секілді ұзын найзалармен қаруланған. Бұған қарсы Тоқтамыстың атты әскері жүйткіп келе жатты. Бірақ, бірнеше ондаған метр қалғанда соққыларын жерге қадалғандай айбат шеккен алғашқы қатарға бағыттап, оңға және солға қарай бұрылды. Түйдек-түйдек шаң аспанға көтерілді. Бір нәрсені көріп-білу мүмкін емес еді...

Тоқтамыс әскері Темірдің бекіністеріне кезек-кезек ұмтылып, көп қатарлы қорғанысты қылышпен кескілеп, жол ашуға тырысты. Бірақ бұл шабуылдар үлкен пайда әкелмеді. Тоқтамыс көп адам жоғалтты. Ал Темірдің қолы жолындағының бәрін қырып, алға қарай баяу қозғалды. Оның себебі – негізгі тактикасы ретінде қорғанысты таңдауында...

Темірдің атты әскері Тоқтамыс әскерінің орталығын талқандап, қоршауда қалудан қорықпастан, алға жылжыды. Екі тараптан да адамдар ондап, жүздеп қырылып жатты. Шайқастың шешуші сәті де келіп жетті. Кенет Тоқтамыстың жоғары көтерілген ақ туы төмен құлады... Темір жеңіс үшін ештеңеден тайынбайтын. Ол жіберген барлаушылар ту көтерушіні пара беріп, сатып алған болатын...

Барлық стратегиялық артықшылық Темір жағында болды. Кейін ол өзінің «Жинақтарында» Тоқтамысты жеңу үшін қандай шаралар қабылдағаны туралы былай деп жазды:

«Менің жауынгерлерім шаршап-шалдыққан әрі ашқұрсақ, оның жауынгерлері, керісінше, тың көрінетін. Қолбасшыларым мен әскербасыларым – менің ұлдарым мен немерелерім тізе бүгіп, шүбәсіз берілгендік туралы серт бергенге дейін шайқасуға құлықсыз еді. Мен жаудың ту көтерушісін

сатып алдым, ол маған қос әскер шайқасарда туды құлатамын деп уәде берді. Жаужүректіктері оянған әскербасыларым тек шайқасуды қалады. Немерем Мырза Әбубәкірді 8000 салт аттымен алдыңғы шепке қойдым. Айқастың қызған шағында оған шатыр тіккізіп, тағам әзірлеуге бұйрық бердім. Тап сол сәтте Тоқтамыстың туы құлады, сасқалақтаған князь әскерін өлім азабына қалдырып, қашып кетті».

Осылайша, Тоқтамыс бар үмітін артқан Алтын Орданың тамаша жасақталған әскері Қондыршы түбіндегі шайқаста жеңіліс тапты. Бұған ту көтеруші сатқындығының әсер еткеніне күмән жоқ... Шындығында, жеңіліп көрмеген Темірге тойтарыс беру үшін соғыстағы сәттіліктен де үлкен нәрсе керек еді. Себебі, сонау қаһарлы онжылдықта Темірге тең келер қолбасшы Еуропада да, Азияда да болған жоқ.



Кавказ үшін шайқас

Теректегі ұрыс

Тоқтамыс Қондыршы өзені жағалауында жеңіліс тапқанмен, берілмеді. Ол Темірмен күресін одан әрі жалғастырды. Үлкен әскер жинап, жаңа жорыққа аттанды... Тоқтамыс жаугерлік жорықтарын жалғастырған Темір әскерінің ізімен Парсы еліне дейін барды, Тебриз бен Жоғарғы Арменияның иелігіне енді. Көптеген жерлерді бағындырып, бірнеше қамалдарды шабуылмен алды. Оларды қиратып, артынша ішінара қалпына келтірді. Тоқтамыстың атты әскері жүріп өткен армян жеріндегі Кольмарин мен Сисакан (Степанакерт) қалалары Темірдің иеліктері болатын. Бірақ Темір әскерін Армян таулы қыратынан да, Иран жазығынан да таппай, бір жыл бойы жатжұрттықтардың арасында адасқан ол кері қайтпақ болды... Кейін қайту туралы бұйрық бергені сол екен, жауы табыла кетті...

Енді Темір, шамасы, жазасыз жібермейін деген болуы керек, Тоқтамысты қуғындай бастады... Темірдің қолы тағы да Тоқтамыстың әскерінен аз боп шықты. Бірақ, қорқуды білмейтін әмір Тоқтамыстың соңына түсіп, Кавказдың солтүстігіндегі Терек өзенінің маңында қуып жетті.

Темір өткелді алу үшін Терекке жақындағанда, далалықтардың өзенді кесіп өтіп, өткелді бұзып кеткенін байқады. Бұл жерді күзетуге тек шағын ғана жасақ қалдырып, ағашпен бітеп тастаған екен...

Тап осы өткелде Темір Тоқтамысқа хат жазды. Хатында олардың арасындағы соғысқа өкініш білдіретінін, бір-



бірімен тектен-тек соғысып жүргендерін, Тоқтамыспен соғысу ойы жоқтығын, бұрынғыдай дос болуды қалайтынын, жамандық тілеуден Аллаһ сақтасын дегенді жазды.

Хатты елшіден алған Тоқтамыс қатты тебіренді. Ол ұлы әрі мейірімсіз Темірдің өзіне шын жүректен аяушылық танытатынын түсінді. Десе де, қырағылықты жоғалтпау керек. Бұл хат, бір жапырақ жарғақ Тоқтамыстың әскери күйін әлсірететін айлакер тәсіл болуы да мүмкін... Зұлым Темірге сенуге бола ма?

Келесі күні Темір әскерімен бірге өткел тұрған жерден өзен бойымен жоғары қарай қозғалды. Тоқтамыс та өзеннің келесі жағасымен жоғары жүрді. Қос әскер бірнеше күн осылай қозғалды: екеуі екі жағада. Темір әскерін тоқтатқанда, өзеннің келесі бетіндегі Тоқтамыс та әскерін тоқтатты. Бұл көрініс үш күнге созылды.

Үшінші түні Темір әйелдерге ер адамдар секілді дулыға киюді, ал ерлерге барынша жылдам кері қарай шабулды бұйырды. Ерлердің әрқайсысына екі аттан алып, біріне өздері отырып, екіншісін жетектеп жүруді тапсырды. Темір қосын, яғни ерлерше киінген әйелдерді, олармен бірге тұтқындар мен құлдарды сол жерде қалдырып, өткелге оралды... Ол алдында үш күнде жүріп өткен арақашықтықты бір түннің ішінде еңсерді. Осылай Темір айлакерлігінің арқасында Тоқтамыстың әскеріне тылдан шабуылдады... Шайқас бар болғаны үш сағатқа созылды...

Тоқтамыс сан жағынан басымдығына қарамастан, лайықты қарсылық ұйымдастыра алмады және шайқаста жеңіліс тапты.

Сол заманның адамдары Алтын Орда ханына да, мейірімсіз Ақсақ Темірге де бірдей өшпенділікпен қарады. Екеуі де жаулаушы.

«Темір Кавказға келмес бұрын, 1386 жылы Тоқтамыс хан Қырымның жанындағы Сарайда болған солтүстіктің патшасы Ахматтың ұлы Тавриз сұлтан ханға достық пен бейбіт келісімді бекіту үшін елші аттандырды...»*

*Армян шежірешісі Фома Мецопскийдің естелігінен.

Тоқтамыстың Тавриз (Тебриз) сұлтанымен одақтас болу ниетін білген Ақсақ Темір оның алдын орап кетті. Әскерімен қалаға бас салып, қиян-кескі ұрыс жүргізді. Темір Тавриздің басты алаңында адамдардың шабылған бас сүйектерінен қорған қалауды бұйырды.

Тавриздің адамдары Тоқтамысқа қашып, «...Тоқтамыстың алдында жағаларын жыртты...»* Осы кезде ызаға булыққан Тоқтамыс Жәнібек есімді әскербасысын шақырып алып, оған үлкен түмен берді. Жәнібек Аландар қақпасы (Дарьяль шатқалы) мен Дербент қақпасы арқылы Темірге қарсы қозғалды. Қақтығыстан қашқақтаған Темір Востанға, ол жерден Бағдадқа аттанды. Солтүстік әскер Тавризді қоршап, қаланы жеті күнге созылған ұрыстан кейін алды...

Тоқтамыс Ақсақ Темірдің Тавризде жасаған қатыгез жазасын түсінбеді. Ол әмірге адамгершілікке жатпайтын әрекетін айыптап, хат жазды...

Темір бұған өздігінше жауап қайырды. Ол Тоқтамыспен одақтас, саны аз қайтақтарды шабуылдап, түгел кескілеп өлтірді...

Жазықсыз тұтас халықтың өлімі туралы естіген Тоқтамыс қанқұйлы Ақсақпен қасық қаны қалғанша шайқасуға бекінді... Ол әмірдің қатыгез әрекеттері, жазықсыз жандарды өлтіруі арқылы «Сенімен тек осылай айқаса аламын!» дегенді білдіріп, өзін сатып кеткендігі үшін есеп айырысып жүргенін түсінді.

Кавказ соғысында Ақсақ Темір Мәуереннахрдың барлық ер адамдарын тартып, әскері орасан үлкен болды. Үлкендігі сонша, Тоқтамыс келіссөзге жіберген Ортанби әскердің басынан соңына дейін жүріп өте алмады. Тіпті қорыққаннан, Темірге Тоқтамыстың кезекті жолдауын жеткізе алмай, кері қайтты.

Темір Алтын Орда ханының әрбір қадамын қатаң бақылап, оның әрбір іс-әрекетіне өзінше жауап қайтарып отырды. Тоқтамыс Темірдің Қойсу өзенінен өтуін бөгеу

*Армян шежірешісі Фома Мецопскийдің естелігінен.

үшін Қазаншы басқарған тосқауыл түменін қарсы қойды. Бірақ, Темір екі түменімен бірге Қазаншының қолын айналып өтіп, оны тылдан шабуылдап, талқандады.

Темір өзінің «Жинақтарында» Тоқтамыспен болған тағы бір соғыс – Кавказ соғысы туралы мақтанышпен былай деп жазды:

«Жеңіліске ұшыраған, қолыма түспегеніне бақытты Тоқтамыс Әзербайжан патшалығына қаһарлы әскерін жіберіп, сол жерде бүлік пен тәртіпсіздікті қоздырды. Екі Иракты жаулауды енді аяқтаған мен оны бітістірудің басқа жолын қабылдамастан, әскерді Дербент жолымен Ұлы Татарстанға жеке бастап кеттім. 3 сәуірде әскери сапқа тұрғанда, төрт фарсах (4 миль) кеңістікті алған әскеріме байқау өткіздім және Құдайға ризашылығымды білдірдім.

Семур өзенінен өткен соң Ұлы Татарстан халқы мен тайпаларына келесі үндеухат жаздым: «Маған еріп жүрген әрбір адам өз жолын жалғастыра алады, қалғысы келгендер бұған да ерікті».

Хижраның 797 жылы (1395 ж.) Ұлы Татарстанға аяқ бастым және солтүстік елдердің ақырғы шегіне дейін жүріп өттім. Маған қарсылық көрсетуге батылы барған бұл елдердің халықтары қуылып, жойылды. Төрт тарапқа созылып жатқан аймақтарды, ордалар мен қамалдарды бағындырып, жеңімпаз болып оралдым».

Терек өзені алабындағы шайқас хижраның қырсық шалған 797 жылының 15 сәуірінде басталды. Тоқтамыс Темірді тар тау шатқалында қақпанға түсіремін деп ойлады. Бірақ Темір оның қулығын асырғысы келгенін байқап қойды. Тоқтамысқа ашық жерде шайқасуға тұра келді. Әрбір тараптан 100 000 жауынгерден жиналған екі үлкен әскер жолығып, бірін-бірі аяусыз қырып, үш күн бойы шайқасты. Нәтижесінде, Темірдің жауынгерлері Тоқтамыстың атты әскерін талқандады.

Бұл шайқастағы жеңілістің салдары Ұлы Даланың халқы үшін ауыр тиді. Темір Алтын Орданың астанасы, үлкен әрі бай Берке Сарайы қаласын басып алып, өртеп жіберді. Сондай-ақ, үлкен олжаға батты. Алтын мен тұтқындар

қисапсыз еді. Төменгі Еділ, Қырым, Астрахан хандығы, Азов пен Солтүстік Кавказ да зардап шекті. Мұнымен шектелмеген Темір әскерін Руське бастап кетті. Орыстардың оңтүстіктегі бірнеше қаласын өртеді. Бірақ, осы жорық кезінде көрген түсі шапқыншылықты тоқтатты. Дегенмен, Тоқтамыстың қалған әскерімен соғыс жалғаса берді. Себебі, Кавказдың шығысындағы рулар қарсылық көрсеткен болатын. Сырдарияның солтүстігіндегі қалалар мен қыстақтарды ойрандаған Темірдің жасақтары Тоқтамыс жасырынуы мүмкін деп есептеген жоғарғы Ертіске дейін барды.

Бірақ, Тоқтамыс солтүстікке емес, батысқа қашқан-ды...

Тоқтамыс бір топ сенімді серіктерімен Теректен аулаққа кетіп барады. Ол орынсыз жеңілісін естен шығаруды қалады. Темір оны әдеттегідей жас балаша алдап, қатал жазалады...



Ұлы Жібек жолының жойылуы

Шайқастан кейін Темір мен оның сарбаздары есепсіз олжаға кенелді. Темір Самарқандқа мал-мүлік, қару-жарақ, алтын мен ақша тиелген мыңдаған арбаны аттандырды. Тіпті, Тавриздің қақпасындағы темір есікті жұлып алып, үлкен арбаға тиеді де, Мәуереннахрға жіберді...

Тоқтамыс әскерін Теректің түбіндегі талқандалуынан кейін әмір Алтын Орда ханының тағына Орыс ханның ұлы Құйыршықты отырғызды. Бірақ, жаңа хан бірнеше айдан соң ауырып, дүние салды. Осы кезде Алтын Орда билігіне Едіге би келді. Ол Темірдің көмегімен Құтлұғ-Темірді хан көтерді.

Тоқтамыстың көкке көтерілген «жұлдызы» асқан жылдамдықпен төмен құлдилады. Оған Ақсақ Темір бәрін берді, бәрінен өзі айырды. Билік, байлық пен ақша келмеске кетті.

Соңына түскен қуғыннан бой тасалаған Тоқтамыс 1237 жылы Бату хан жаулап алған бұлғар жеріне аяңдады. Бұл уақытта тайпа көсемдері басқаратын халық бұрынғыдай бұлғар емес, көбіне «Еділ татарлары», яғни Еділ өзенін мекендеген татарлар деп аталатын. Еділ татарлары екі хандыққа бөлінді: Қазан хандығы және Ұлы бұлғарлар хандығы. Қазан хандығының билеушісі – Янтак. Ол бірнеше жылдан бері Мәскеу князі Василий Дмитриевичпен соғыс жүргізіп келе жатқан. Орыстар Еділ татарларымен Кама өзені мен оның жағасындағы қалалар және қыстақтар үшін шайқасты.

Янтак Василий князьді тізе бүктіру үшін Тоқтамыспен бірікті. Бұл оның ақылдылығы мен көрегендігін байқатты.

Бірақ, осы кезде Тоқтамыстан әлі де қауіптенген және оның Жайық өзенінің солтүстігінде әскер жинап жатқанын білген Темір оған Сүлеймен шахты аттандырды. Янтак пен Тоқтамыс әскербасы Сүлеймен шахпен осыдан төрт жыл бұрын Темір жеңіске жеткен Қондыршы өзенінде шайқасқан...

Бұл жолы Сүлеймен шахтың әскеріне тойтарыс берілді, бірақ әскер талқандалған жоқ... Көп адамын жоғалтқан түрікмендер кері қайтты. Олар қиыншылықпен әбден шыныққан Тоқтамыстың тас қамалдай ерік-жігерімен соғысқаннан гөрі, мыңдаған жанның өмірін сақтап қалу дұрыс деп санады...

Тоқтамыс қатыгез Темірмен тағы да соғысуды қалады. Бірақ, қыр соңдарына түскен барлық қиын тауқыметті көтерген серіктері, әскер ардагерлері, ержеткен ұлдары жанында болғанымен, әскері саны жағынан аз еді.

Темір – алынбайтын берік қамал секілді. Янтак Мәскеу князьдігімен соғысты жалғастырып, Төменгі Новгородты шабуылдады. Осыған жауап ретінде Василий князьдің ұлы Юрий Қазанды талқандады...

Енді Тоқтамыстың бір ғана амалы қалды – кезінде Мамаймен бірге келген генуялықтар билік жүргізген Қырымға жорыққа аттану...

Темір тапқыр билеуші болатын. Алтын Орда империясы хан тағына кімнің келгеніне қарамастан, әлі де қуатты еді. Оны түпкілікті әлсірету үшін экономикасын құлдырату қажет... Орданың экономикалық ресурстары, басты күре тамыры – Ұлы Жібек жолы... Далалық рулар осы жол бойымен бірнеше ғасыр көшіп-қонып, Азия мен Еуропаның теңіздің арғы жағындағы елдерінен әкелінетін керекті тауарларды алып, олардың өздерін де тауармен жабдықтайтын... Темір Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларға (Кафа, Азов, Берке Сарайы, Қажы Тархан) бас салып, бірінен кейін бірін талқандай бастады. Едіге мен Құтлұғ-Темір туған қалалары мен бабалар жерінің кезекті рет қорланып, отпен және қылышпен жойылғанына көндігуге мәжбүр болды. Алтын Орданың барлық төрт ірі

қаласы өртеліп, қиратылды, ал тұрғындары жазық далаға қуылды... Қалалардың қалай жойылып, отандастарының мертлік болғанын үнсіз ғана бақылаған Едіге би Алтын Орданың заңды ханы Тоқтамыстың көзі тірісінде бұл талқандаудың жалғасатынын түсінді...

Қанқұйлы Темір Ұлы Жібек жолын осылай жойды, ол қайта жанданбады. Еуропалықтар Шығысқа апаратын теңіз жолын іздеді. Бұл ұлы географиялық жаңалықтар дәуіріне, 1492 жылы Колумбтың Американы ашуы мен Магелланның Жер шарын айналған саяхатына алып келді...



Едігеге қарсы шайқас

Поляк князі Витовтпен одақ

Тоқтамыс күресті тағы жалғастырды. Оның салт атты түмендері 1396 жылдың наурыз айында Қырымның Кафа қаласын қоршауға алды. Қала ұзақ қарсылық көрсетпестен берілді. Тоқтамыс Қырым хандығына кенже ұлы Қадірбердіні отырғызып, Дешті Қыпшаққа оралды. Артынша он бес жыл өзімен бірге болған ру көсемдері Тоқтамыстың соғыстағы сәттілігінен үміттері үзіліп, өзара келісіп, түмендерімен және ауылдарымен Едігеге келіп қосылды... Олар ешкімді қалдырмастан, қарттар мен балаларды да алып кетті... Бұл ең ауыр сәттегі сатқындық еді...

Бірақ, Тоқтамыстың бірнеше сенімді түмені бар. Ол 1398 жылы қазанда Едігемен шайқасын бастады.

...Күзгі жаңбыр жауып тұрған кез. Ауа дымқыл әрі салқын. Едігенің әскері Тоқтамыстың түмендерінен әлдеқайда көп. Шайқас мағынасыз сияқты көрінді. Өйткені, ұрыс даласында туыс тайпалар: қыпшақтар қыпшақтармен, арғындар арғындармен, алшындар алшындармен қарсы келді... Немере ағасы жиеніне, құда құдасына қарсы шайқасты... Саны жағынан басым Едіге мен Құтлұғ-Темірдің әскері қатыгез әрі қысқа айқаста жеңіске жетті...

Тоқтамыс Витовт князьдік ететін Киевке қашты. Соңғы он жылда едәуір күшейген Литва Балтық жағалауын түгел дерлік, Ақ Русьті, Курляндияны (Финляндия), Киев князьдігін, Польшаның бірқатар аймақтарын жаулап алған. Енді Шығыс Еуропада үстемдік құруға Мәскеу князьдігімен таласып, Русьтің солтүстігін шабуылдай бастаған. Ол жылдары Темірдің Тоқтамыспен шайқасы, католиктік Литва мен Польшаның Алтын Ордамен соғысы Мәскеудің нығаюына, тіпті күшеюіне алып келетінін ешкім түсінбеді...



Күзгі алакөлеңке кеште бірнеше салт атты ақ тасты Киевтің ағаш қақпаларына шауып келді... Сосын қақпаны қақты...

– Сайтан кімді айдап келді? – деп сұрады жақтырмай, ежелгі қаланың қақпасын қарауылдаған күзетшілердің ішіндегі ересегі.

– Тоқтамыс хан серіктерімен... – деген жауап күзетшілерді қатты таңдандырды.

Аз жасақты көрген соң күзетшілер ордалықтарды ішке кіргізді. Өздері князге жаңалықты жеткізу үшін дереу хабаршы аттандырды.

Орданың ханы достықпен, әлде қастықпен келді ме екен? Пана сұраса, достықпен келген шығар.

Витовт князь Тоқтамысты құшақ жая қарсы алды. Литвалықтар мен орыстар үшін Тоқтамыс Алтын Орданы билемесе де, бұрынғыдай ұлы моңғол ханы болып қала берді. Ордада Ақсақ Темірдің кезекті қолшоқпары патшалық құра берсін. Ал Тоқтамыс литвалықтарға Мәскеу Русінің түпкілікті сазайын тартқызу үшін осында керек...

Тоқтамыс хан мен Витовт князь бір-біріне құрмет көрсетіп, кездесулерін таң атқанға дейін тойлады. Таң алдында хан Витовтқа сақтау грамотасы мен өзіне тиісті жерлерге иелік етуге жарлықты өз қолымен жазып, тапсырды: «Менің, Тоқтамыстың поляк короліне берер сөзім – ағамызға Ұлы патшаның қарамағындағы жеті селоны беремін...»

Тоқтамыс ханның өзі құрастырған осы тарихи құжатта былай деп хабарланады: «Ақсақ Темір – Темір аяқ Қарақұмнан келді. Ол жасырын кірді. Тоқтамыстың күші сол Ақсаққа қарсы тұрды. Бірақ, біздің ту көтеруші – жауымыз Бекболат туды құлатты. Нәтижесінде, барлық адамдар, жауынгерлер қашуға айналды».

Құжаттың бірінші бетінде Тоқтамыс руының тотемі* болған бұқаның басы анық көрінеді.

Осы кезде Ақсақ Темір Алтын Орда «қасқырларын» бір-бірімен айқасуға қалдырып, Үндістанға ұзақ жорыққа кетті.

*Тотем – аң не өсімдік бейнеленген елтаңба.



Енді Едіге мен Құтлұғ-Темірдің көзін жойса, Тоқтамыс Темір алыс жорықтан оралғанға дейін Алтын Орданың тағына қайта отырады... Бірақ, князь Витовт полктарын Ордаға қарсы бастап барар ма екен? Сол үшін Тоқтамыс оған Руське князьдік етуге тағы да бір жарлық жазып берді. Бұл орыстарды мәжбүрлі түрде сату еді. Бірақ, Тоқтамысты Алтын Орда тағына оралу ғана қызықтырды. Оның басқа амалы қалмады.

Тоқтамыс неге сенді? Едіге мен Құтлұғ-Темір жағдайларының тұрақсыздығын жақсы түсінді. Ұлы Далада Тоқтамыстың жақтастары көп. Кейбіреулері заңды ханның тақтан түсірілгенін білмеді де. Егер ол Еділдің жағасына қуатты литвалық одақтасымен оралса, халық Ұлы Жібек жолын жоюға қатысқан «қуыршақ» ханды қуана-қуана тақтан құлатар еді...

Осыны түсінген Едіге мен Құтлұғ-Темір Витовт пен Тоқтамыстың әскерімен шайқасу үшін кездесуге уағдаласты... Бұл бұрынғы хан Тоқтамыстың қысқа да, тасқынды өміріндегі кезекті, жиырмасыншы немесе жиырма бесінші шайқас болды...

Иә, бұрынғы... Алдамшы опасыз өмір бәрін берді: ең алдымен билікті, әйелдері мен балаларын. Содан кейін даңғойлығымен ойнап, бәрін кері тартып алды.

Тоқтамыс неге сенді? Қолында дәрімен атылатын қаруы, зеңбірегі мен мылтығы бар жақсы қаруланған литва-поляк әскерінің көмегіне ғана емес, Витовттың адал достығына сенді.

Алтын Орданың биліктегі ханы Құтлұғ-Темір шайқасты болдырмау үшін қашқын Тоқтамысты қайтару туралы өтінішпен Витовтқа елші жіберді. Витовттың жауабы үзілді-кесілді болды:

– Досым Тоқтамыс ханды ұстап бермеймін. Керісінше, біз әскерлеріңді талқандап, өздерің Ақсақ Темірге сатып кеткен Тоқтамысты таққа отырғызамыз!

Осы келіссөздерден кейін Витовт пен Құтлұғ-Темірдің арасындағы шайқастың болары анық еді. 1399 жыл, үміт пен жеңіліс жылы жылыстап жатты. Екі қол Днепрдің саласы Ворсклдың жағасында кезікті. Литва-беларусь

әскері поляк шляхтасымен* және Пруссияның неміс рыцарларымен нығайтылды.

Тоқтамыс тағдырдың тәлкегімен өз жауының досы, жатының** жақыны болып, екінші тарапта қалды...

Бұл оғаш шайқас еді. Далалықтардың түмендері литвалықтар мен беларусьтарға лек-легімен ағылып, зеңбіректің соққысымен тойтарылған олар кері серпілді... Бірақ, біршама уақыттан соң, мыңдаған аттардың тұяғымен көтерілген түтек шаң қайта көрінді. Салт аттылардың селі өз қатарларындағы орасан шығынға қарамастан, Витовттың бекінісіне қарай қайта қозғалды. Зеңбіректің дүмпуімен тойтарылған ордалықтардың атты әскерінің кезекті толқыны кері серпілгенде, қайдан екені белгісіз, зеңбірекшілердің төбесінен өткір жебелер жауды. Зеңбірек бекіністерін атты әскердің шабуылымен алу мүмкін еместігін түсінген Едіге зеңбіректен атқан адамдарды жарты шақырымнан астам қашықтықтан сұлататын мүйізді жебелермен атуды бұйырған...

Келесі қапталда немістің ауыр қаруланған атты әскері Едігенің атты әскерімен айқасты. Төңірек азан-қазан, бір-бірімен қайшыласқан қарулардың қаңғыр-күңгір дыбысы. Адам мен аттың қаны судай ақты...

Қос әскер кешке дейін айқасты. Құтлұғ-Темір мен Едігенің көптеген жауынгерлері зеңбірек пен мылтықтың оғынан жер жастанды. Бірақ, алтынордалықтардың жебе, найза, қылышынан өлген литвалықтардың, белорустар мен немістердің саны бұдан да көп.

Тоқтамысқа бір сәт екі жақтың да күші сарқылып, шайқас аяқталардай болып көрінді... Бірақ, Едігенің қойнауға жасырған тосқауыл жасағы тың күшпен Витовттың айтарлықтай селдіреп қалған бекінісіне ұмтылды... Ордалықтардың атты әскері литвалықтарға ажал болып көрінсе де, мұнымен шайқас ақтала қоймады. Құтлұғ-Темір мен Едігенің жауынгерлері қанша тырысса да,

*Шляхта – поляк дворяндарының атауы.

**Жат – туыстық атысы жоқ, бөтен, бөгде адам.

орындарынан көтеріліп, шегіне отырып, оқ жаудыруды жалғастырған литвалықтардың бекінісін ала алмады. Алтынордалықтар литвалықтарды бірнеше күн қуғындады. Олар Киевке дейін жетіп, қаланы қоршауға алды... Киевтіктер Едігеден алтын беріп, құтылғанды жөн санады. Әйтсе де, оның жауынгерлерін қалаға кіргізбеді.

Рыцарьлардың Темір үйреткен жауынгерлерді жеңе алмайтындарына көзі жеткен Тоқтамыс ұрыс даласын тастап қашып кетті. Жасағын Ворсклдың жағасынан шығарып, Еділдің арғы бетіндегі туған жеріне шығынсыз алып келді. Жайық пен Еділдің арасын мекендеген жерлестері өз батыры әрі ханына қолдау көрсетті. Ол осы арада өзінің басты жауы Ақсақ Темірдің Отырарда көз жұмғаны туралы хабар жеткенге дейін бірнеше жыл тыныш өмір сүрді...

Темірдің оқыс өлімі

Темір 1405 жылы 14 қаңтарда Сейхунның жағасынан аттанған Бердібектің Отырардағы сарайында аялдады. Барлық ханзадалар, әмірлер мен сарай маңындағы жақындардың әрқайсысы жеке-жеке бөлмелерге жайғасты. Патша келген күні сарайда шатырдың бұрышындағы түтіндіктен өрт шығып, тосын оқиға болды. Өртті дереу сөндірді. Бірақ, бұл оқиғадан кейін сарай маңындағылар бұрынғыдан қатты абыржи бастады. Өйткені, сол күндері жаман түс көрген адамдар қайғылы күй кешіп, әлденеден қорқып жүрген. Тұла бойларын бір бақытсыздық таяп қалды ма деген үрей билеген. Иә, тағдырдың жазуы дегенін ерте ме, кеш пе істейді де.

Темір жүзбасы Мұса Рекмалды көпірге барар жолды бақылап, одан қалай өтуге болатындығын көріп қайтуға жіберді. Мұса асығыс жүріп кетті. Сақтықпен оралған ол көпірден өтудің мүлдем мүмкін еместігін хабарлады. Тағы бір адам Сайрам мен Құлан тауы жаққа аттандырылды. Қайта оралған ол да тауға биіктігі екі сүңгі қар түскенін жеткізді...

Осы уақытта Темірдің қарт қызметшілерінің бірі Қарақожа Дешті Қыпшақ даласында пана таппай қаңғып жүрген Тоқтамыстан хабар алып келген елшінің келгенін жеткізеді. Сол күні Темір қабылдау бөлмесіне салтанатты түрде кіріп, биік таққа жайғасты. Оның оң қол жағында Үгедей қағанның руынан шыққан Таизи оғлан, Жошы хан ұрпақтары Баш Темір оғлан мен Чекрә оғлан отырды. Ал екінші жағынан Ұлықбек, Ибрагим сұлтан мен Айжелі ханзадалар орын алды.



Тоқтамыс ханның елшісін Бердібек әмір мен оның ағасы Шейх-Нұраддин, Шах-Мәлік пен Қожа Жүсіп алып кірді. Елшілікке келген Тоқтамыстың сенімді түмен басы Кенжебай патшаның кілемін сүйіп, Тоқтамыс ханның хатын ұсынды. Тағдыр жасытып, руластары сатқан Тоқтамыс Темірге жіберген жолдауын былай деп өкінішпен жазыпты: «Патша ағзам, сіздің соншама жақсылығыңызды ұмытып, көрсеткен рақымсыздығымнан жаза тарттым, қазіргі аянышты жағдайыма душар болдым. Менің жалғыз ғана амалым – осы бір күнәға батқан пендеге қайырымды боларсыз деп үміттену. Егер сіздің шарапатыңызға ие болсам, онда соңғы демім біткенше тек бір өзіңізге бойсұнып, айтқан сөзіңізге бағынуға серт беремін!..»

Темір елшіні сылап-сипап, ақша салынған қапшықты беріп, былай деді:

– Қожайының Тоқтамыс ханға мынаны жеткіз. Осы жорықтан кейін мен Бөжейдің көмегімен Жошы ұлысын басып алып, оны Тоқтамыс ханға тапсырамын... Сондай-ақ, Тоқтамысты әрқашан туған ұлымдай санағанымды жеткіз, өзін сағынғанымды және барлық теріс қылықтарын кешіретінімді айтып бар...

Қатты қуанған елші – Кенжебай Тоқтамыс ханға жақсы хабармен шұғыл аттанып кетті...

Темір кейде жеңілгендерге мейірбандық жасайтын. Ал Тоқтамысқа рақымшылық етуі бір бұл емес. Осы жолы да ол қуғынға ұшыраған ханды өзіне жақын тартып, тағы да хан көтеріп, жетегіне жүретіндей ету үшін кешірмек болды. Бұған қоса, Темір Тоқтамысқа мол сый-сияпаттар, сәлемдеме беріп Кенжебаймен бірге Қарақожаны да аттандырды... Жағдай тағы да жақсы жағына қарай өзгеріп, Тоқтамыс ханның өмірі сәтті жалғасын табуы мүмкін еді. Бірақ, тағдырдың қалауы басқаша болды.

Ұзақ жорықта жүрген Темір өзімен бірге жанында болған әйелдері мен ханзадаларды кері Мәуереннахрға аттандыруды ойлады.

Біз қолданып жүрген еуропалық жыл санауы бойынша, Темір 1405 жылы қаңтар айының орта шенінде көз жұмды.

Сол жылы қыс ерекше қатты болды. Бұл қартайған Темірдің денсаулығына әсер етпей қоймады. Темірдің өлімінің тағы бір себебі – жәй ғана қажығандық. Жеті жылдық жорықтан кейін үйге оралған ол, әдеттегідей бес айдан артық демалмастан, Қытайға соғысқа аттануды жоспарлап қойған...

Темір ардагерлерінің қолдары бірінен кейін бірі Отырарға ағылып келіп жатқан уақытта әмірдің денсаулығы сыр беріп, дене қызуы қатты көтерілді. Қалтырап-дірілдеген Темір жасаған күнәларына қатты өкініп, Құдайға оларды ізгі істермен жуамын деп уәде берді. Ауру-сырқау тоқтаусыз үдеді. Үнемі Темірдің жанында жүретін сол замандағы тамаша емшілердің бірі Мәулен Фазл-Аллах Тебриз бар күшін салып, ең жақсы дәрілерді бергенімен, ауру күн өткен сайын дендей берді. Ал жаңа аурудың пайда болуы, бір аурудың сауыққаны секілді, екіншісін ұлғайтты. Осының барлығы жеңімпаз әскербасы Ақсақ Темірдің өліміне әкеп соқтырды.

Соңғы шайқас Тоқтамыстың өлімі

Әмір Темір дүние салғанан кейін, артынша, оның империясы да күйрей бастады. Құтлұғ-Темір хан төрт жыл бұрын, әскері литвалықтарды тізе бүктіргеннен кейін-ақ көз жұмған...

Тоқтамыстың емін-еркін демалуына болатын. Ол Едігемен ғана бетпе-бет қалған... Енді кім жеңсе, Алтын Орданың нағыз ханы сол болмақ.

Темір ұрпақтарының арасындағы алауыздық туралы білген Тоқтамыс шағын әскер жинап, Сарай қаласын қайтару үшін шайқасты бастады. Бірақ, оны Шәдібек хан Тобылдың сағасына кері серпіп тастады.

Бұл уақытта Едіге түмендерімен кезінде Темір қиратып, қираған үйіндіден өзі қайта көтерген Үргенішті қоршады... Сөйтіп, Едігенің сарбаздары бір ай бойы қала қамалын шабуылдап, басып алды. Темір өлгеннен кейінгі келесі 1406 жылдың қаңтарында қарататар руынан шыққан Үргеніштің әмірі Мұса әскерін тастап, Мәуереннахрға қашып кетті. Едіге көктемге дейін Үргеніште болды. Ал күн жылығанда күтпеген жерден түмендерімен Шаңғытар жаққа қарай жылжыды. Тоқтамыс мұнда өз адамдарымен көшіп-қонып жүрген...

Әккі Едіге би билігі де, әскері де жоқ қартайған ханды ғана қуғындаған жоқ. Ол түгі қалмаған Алтын Орданың тағына отыруға заңды құқығы бар Тоқтамыстың балаларының да соңына түсті... Темірдің өлімінен кейін Едіге әлсіреген империяны қалпына келтіруді жоспарлады...

Сонымен, Едіге Тар өзенінің Ұлы Ертіске құяр тұсында Тоқтамыстың шағын жасағын шабуылдады.

Тағы да қантөгіс болары анық. Бұл жолы Мамайдың, Темірдің немесе Витовттың жауынгерлерінің емес, руластардың қаны төгілмек. Олардың арасында екі жақтың да туыстары бар. Көпшілігімен Тоқтамыс Едігемен достасқаннан бері жақсы таныс. Иә, ол – Алтын Орданың заңды ханы. Бірақ, күш пен билік енді шыдамды әрі дегенінен қайтпайтын Едіге бидің қолында. Едіге Алтын Орданың тағын Тоқтамысқа соғыссыз бермеуге бел буды...

Артық қантөгіске жол беруді қаламаған Тоқтамыс Едігені жекпе-жекке шақырмақ болды. Кім жеңсе, шындық соның жағында!..

– Әй, Едіге, ержүрек жауынгерлердің артына тығылмай, жекпе-жекке шық! – деп айқайлады ол өзен жағасындағы төбеде тіресіп тұрған салт аттыларға қарап.

Едігені жекпе-жекке шақырып тұрып Тоқтамысқа мынандай бір ой келді: «Менің жасақтарымның саны аз

екені анық, адам қанын бекер төгудің қажеті қанша, бәрі-бір бұл шайқаста жеңіліс табамын... Тоқтамыс хан қорқау, сондықтан өміріндегі барлық маңызды шайқастарда жеңіліп қалған екен деп ойламасын!»

Едіге Тоқтамыстың ұсынысын бірден қабылдады. Біріншіден, қарсыласына қарағанда, қылышпен және сүңгімен жақсы айқасатыны есінде. Мұны жас кезінде Орыс ханның сарбаздарымен шайқасуға дайындық кезіндегі достық жекпе-жекте талай дәлелдеген. Екіншіден, Тоқтамыстың опат болары анық. Ол Едігені жаралаған немесе өлтірген күннің өзінде, өзі Едігенің сенімді сарбаздарының қолынан мерт болады...

Міне, жеңіл қаруланған салт аттылар, өз жасақтарының әскербасылары – елуден асқан екі еркек бір-біріне қарама-қарсы жүрді.

– Әй, Тоқтамыс, осыдан жиырма жыл бұрын талай рет таяқ жегеніңді ұмытқан жоқсың ба! – деп айқайлады Едіге күнге шағылысқан ұзын әрі өткір қылышын шығарып.

Бірақ, Тоқтамыс беліндегі қылышын қынабынан шығармады. Ол тағдырымен соңғы рет ойнамақ болды. Соғыстағы серігі болған қара атын кенеттен қамшымен соғып қалды. Осқырынған жылқы өзеннің бойымен, бүкіл ұрыс даласын шарлап шаба жөнелді. Едігенің жауынгерлері құйғындай ұшқан Тоқтамыстың соңынан үйлдесіп қалды. Едіге сұр арғымақ атын қылышының өтпейтін жағымен ұрғылап, жауының соңына түсті. Екі салт атты бәйгедегідей, қысқы күннің шуағымен шағылысқан қарлы даламен шаба жөнелді.

Қарсы тұрған қос әскер бұл шабысты біршама уақыт бақылады. Сосын олар да қарсы жақтың сарбаздарынан біршама қашықтықта бір-бірімен үзеңгі қағыспай, көсемдерінің соңынан шауып кетті.

Иә, Тоқтамыс Едігені жекпе-жекке шақырды. Бірақ, қылышын қынабынан суырмады. Өміріне төнген ажалды қауіпті ұмытқандай, шексіз даламен жүйткіді. Едіге Тоқтамысты қуып жетпекке атын бастырмалата берді. Бірақ, ханның қарагер аты одан алыстап барады.

Сол кезде Едіге тоқтап, садағын алып, адырнаға жебе салып, дәлдеп тұрып, атты. Қауырсыны күнге жарқыраған сұр жебе Тоқтамыстың соңынан зулап, атқа тиді. Аты артқа шалқалақтаған кезде Тоқтамыс тепе-теңдікті жоғалтып, ер-тоқымнан ұшып түсті.

Едіге хан шауып жеткенде, Тоқтамыс құлаған атының жанында тұрған еді. Қолына ұстаған қанжары жарқырайды. Едіге жас кезіндегідей, аттан оп-оңай секіріп түсіп, семсерін лақтырып жіберіп, пышағын алды. Олар соңғы ажалды айқасқа түсті. Тоқтамыс та пышағын алып, Едігенің кеудесіндегі күміс белгіге дәлдеп кеп сермеді. Бірақ, би шапшаң қимылдап өз пышағын ханның ішіне сұғып үлгерді... Тоқтамыс аһылап, тізерлей құлады...

Екі әскердің сарбаздары шайқаспастан, жекпе-жек орнына келіп жеткенде, Тоқтамыс мерт болыпты. Ал Едіге қып-қызыл қардың үстінде ақ шалған басын қос қолдап ұстап, жалаңбас отыр.

Алғашқылардың бірі болып шауып келген Кенжебай Едігенің: «Хан тақсыр, достым, кешіре гөр мені!...» деп сыбырлаған дауысын естіді.

Тоқтамыс мерт болған соңғы айқас туралы халық арасындағы аңызда осылай делінеді. Оны бір заманда Тоқтамысты ажалдан құтқарған досы, кейін мәңгі бақталасына айналған Едіге би өз қолымен өлтіріпті...

Осымен Ұлы Алтын Орданың соңғы жұлдызы да ағып түсті. Бұл 1406 жыл еді.

Алтын Орданың соңғы билеушісі, Тоқай Темір ханның ұрпағы, Өз-Темірдің шөбересі, Маңғыстау билеушісі Тойқожаның қоңырат руынан шыққан әйелі Қотан-Құншақтан туылған ұлы тарих сахнасынан осылайша жылыстай берді.

Керей мен Жәнібек хандар Қазақ хандығын құратын он бесінші ғасырдың жетінші онжылдығына дейін (1465 ж.) жарты ғасырдан астам уақыт қалды...



Эпиграф орнына

Жазақтың «Ұлы Даланың қырық поэмасы» деп аталатын ұлы эпикалық поэмасында бүкіл әлемге танымал «Қобыланды» және «Алпамыс» сияқты көрнекті туындыларымен қатар, «Едіге» поэмасы да кездеседі... Онда мына жарық дүниеде Тоқтамыс деген ханның өмір сүргені туралы айтылады. Ханның жеті адам күтіп-баққан Қуқанат атты бүркіті бар екен. Сонымен қатар, шексіз далада таяуда әйелі ұл туған, ханның бақталасы, тәуелсіз, әрі өркөкірек Құттықия есімді адам болады. Бірақ, ханның қызметшілері баланы тартып алып, ханның атшысы Жылқыбайдың табалдырығына тастап кетеді...

Жылқыбайдың әйелі де ұл табады. Жылқыбай тастанды баланы алып үйіне келеді. Ал әйелі оны өз баласындай бауырына басып, елден табылған сәби болғандықтан, Едіге деп ат қояды... Едіге Жылқыбайдың үйінде ер жетеді. Бала кейде Тоқтамыс ханның көзіне түсіп қалатын. Хан онымен кездескен сайын қорқып, еріксіз сескеніп қобалжитын... Хан бұл туралы бәйбішесіне айтқанда, әйелі Тоқтамысқа жас жігітті өлтіруді ұсынды...

Бірде Тоқтамыс хан Жылқыбайға баласын алып келуді бұйырды... Жылқыбайдың әйелі көз жасын бұлап, Едігемен қоштаса бастайды. Бірақ, Жылқыбай асырап алған баланың орнына өз баласын алып барады. Тоқтамыс хан Едіге екен деп ойлап, қылышын алып, Жылқыбайдың баласының басын шауып тастайды... Жылқыбай мен оның әйелі қайғырып жоқтау айтады.

Жылқыбай Едігені Тоқтамысқа өшпенділікке тәрбиелейді. Сөйтіп, баласын өскенде Тоқтамыстың қолына береді. Едіге достарымен Тоқтамысты қуғындайды. Ал

Жылқыбай қарт пен оның әйелі төбесі балшықпен жабылған саман үйдің төбесіне шығып, бір апта хабар күтіп, далаға қарап отырады.

Ханмен айқасқан Едіге аман-сау еліне оралып, Жылқыбайдың шапанының етегіне Тоқтамыстың басын тастайды. Жылқыбай Тоқтамыс ханның басын шапанының етегінде ұстап тұрып, әділетті кек қайтарылды деп ұзақ сөз сөйлейді. Жылқыбай мен оның кемпірі Едігеге алғыстарын айтады.

Ары қарай эпос Тоқтамыстың қатысуынсыз жалғасады. Онда қалмақтарды жеңген Едіге батырдың жауынгерлік ерліктері жырланады...

Едіге мен Тоқтамыс ханның өлімі туралы эпикалық поэма осындай. Халықтың қиялы сонау XIV ғасырдағы шынайы тарихи оқиғаны осылай баяндайды. Әй, Қанбай, ай! Әй, Едіге, ай!

Ессіз де, опасыз жалған дүние!

Қаһарлы Темірлан сұлтан – Ақсақ Темірден қорықпай, онымен туған жері үшін бірнеше шайқаста соғысқан адам – Тоқтамыс кім?

Тоқтамыстың дәл туған жылы бізге белгісіз. Оның Маңғыстау билеушісі Тойқожаның шаңырағында дүниеге келгенінен ғана хабардармыз. Тоқтамыс әкесі сияқты Шыңғыс ханның ұрпағы болып саналады. Сонау XIV ғасырдың жетпісінші жылдары феодалдық тартыс кезінде Орыс ханның қуғындауынан қашып, Орыс ханның бақталасы Темірдің иелігіндегі Самарқандты паналады.

1381 жылы Тоқтамыс Алтын Ордада төңкеріс жасап, кездейсоқ билікке келген Мамайдың тас-талқанын шығарып тақты тақ мұрагері – өзіне қайтарды. Сөйтіп, Тоқтамыс Дешті Қыпшақтың ханы атанды. Куликов даласындағы шайқастан (1380) кейін әлсіреген Алтын Орданың бұрынғы қуатын қалпына келтіруге ұмтылған Тоқтамыс батысқа бірнеше рет жорық ашты. Осының арқасында литваның ұлы князі Ягайло тағы да вассалға айналды. Тоқтамыс билігін күшейтіп, өзінің жарылқаушысынан бас тартты. Көбіне Темірдің мүддесіне қайшы келетін, дербес саясатты жүргізді.

Тоқтамыстың билік құрған жылдары туралы Шоқан Уәлихановтың еңбегінде келтірілген жарлықтар мен Алтын Орда қалаларында Тоқтамыс соғып шығарған ақшалар нақтырақ түсінік береді.

Тоқтамыстың Литваның ұлы князі және поляк королі Ягайло Ольгердовичке берген сақтау грамотасы немесе жарлығы – Тоқтамыстың Темірмен Қондыршы өзеніндегі шайқасынан (1391 ж.) кейін жазылған әрі қыпшақ тіліндегі ең ежелгі дипломатиялық грамоталар болып табылады.

Тоқтамыстың шежіресі мынандай: Жошының ұлы – Тұқа-Темір, Тұқа-Темірдің ұлы – Өз-Темір, Өз-Темірдің ұлы – Сарыжи, Сарыжидің ұлы – Қоншақ (Күшек), Қоншақтың ұлы – Тұғлұ Қожа, Тұғлұ Қожаның ұлы – Тойқожа, Тойқожаның ұлы – Тоқтамыс.

Тоқтамыс – Жошы ұлысының оң және сол қанатын аз уақытқа өз билігіне біріктірген Алтын Орда ханы. Билік ету жылдары – 1380 – 1395 жж. Түрік ғалымы Мұстафа Кафалидың пікірінше, ол хан тағында 1379 жылдан 1397 жылға дейін отырған. Алайда, осыған дейін және бұдан кейін Тоқтамыс Алтын Орданың не оның қандай да бір бөлігінің тағына бірнеше рет отырды.

Өткен замандағы ұлы империя Алтын Орданың елеулі географиялық бөлігі – егеменді және тәуелсіз Қазақстан! Сол империяның соңғы қорғаушысы – Тоқтамыстың өмір тарихы – Отанымыздың сан мыңжылдық тарихының бір беті ғана.

Құрметті оқырмандар!

«Шығыстың ұлылары» атты топтама күні бүгінге дейін балалар көркем әдебиетінде нақтылы айтылмаған ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Топтама ірі тарихи оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың, ойшыл-ақындардың өмір жолын қамтиды. Сонымен қатар, әдеби шығармалар балалардың туған жеріне, халқына, тарихына ыстық сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеп, Отанына деген мақтаныштарын арттырады.

Баспа жобасының жетекшісі

Раимбеков Қазбек

Кеңесшісі

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркіт Аяған

Аударған

А. Серимова

Суретшісі

Қ. Көмеков

Бас редакторы

Қ. Байғабылова

Көркемдеуші редакторы

Е. Козлова

Редакторы

А. Жақыпова

Корректоры

Н. Сламбекова

«Аруна» баспасының дизайн орталығы

Б. Суханов

*Қазақстан, 050000, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-кеңсе
Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21. E-mail: aruna_ltd@mail.ru*

Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21

E-mail: aruna_ltd@mail.ru

*Пішімі 60x90 1/8. Офсетті қағаз. Қаріп түрі «Школьная».
Шартты баспа табағы 12. Есепті баспа табағы 17
Таралымы 10 000 дана*

«IntellService» баспаханасында басылған